



ҚАЗАҚСТАН-КОРЕЯ: серіктестік сенімнен басталады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасына мемлекеттік сапар жасады. Жаһандағы дамуы жағынан алдыңғы қатарға кіретін елге сапар барысында Президент көптеген кездесу өткізіп, тарихи-мәдени сипаттағы шараларға, іскер топтардың дөңгелек үстел отырысына қатысты.

Сапардың әлқиссасына көшсек, Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары Сеул қаласындағы Көк үйдегі ресми рәсімнен басталды. Қазақстан Президентінің Оңтүстік Корея президенті Мун Чжэ Ин салтанатты түрде қарсы алып, құрмет көрсетті. Содан соң Қазақстан Президенті Кореяның ұлттық батыры Хон Бом Доның құрметіне орай өткен рәсімге қатысты.

ШЫНАЙЫ ЫҚЫЛАСТЫҢ БЕЛГІСІ

Мемлекет басшысы салтанатты жиындағы сөзінде, «бұл – Қазақстанның корей жұртына деген шынайы ықыласы мен зор құрметінің белгісі» деп атап өтті.

— Мұндай іс-шаралардың тарихи мән-маңызы айрықша. Қазақтар да, корейлер де тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жақсы түсінеді. Хон Бом До – Кореяның азаттығы үшін күрескен бірегей тұлға. Нағыз батыр, шынайы отансүйгіш. Генерал тағдырдың жазуымен өмірінің соңғы жылдарын казак жерінде өткізді. Содан бері қанша жыл өтсе де атажұртында батырдың ерлігі ұмытылған жоқ. Оны біздің халқымыз да жақсы біледі, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев кезінде корей ұлтының көптеген өкілі Қазақстанға еріксіз қоныс аударғанын, олардың арасында Ге Бон

У, Цай Ден Хак, Ким Ман Сам сияқты танымал тұлғалар барын атап өтті.

— Жер аударылған корейлерді халқымыз бауырына басып, паналатты. Олар казак елінде өсіп-өніп, нағыз отандастарымызға айналды. Біздің елде әр этностың өз тамырынан ажырамай, тілі мен ділін сақтауына барлық жағдай жасалған. Корей диаспорасы да осы игілікті көріп отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Рәсім барысында Қазақстан Президенті Мун Чже Инге Корей халқының ұлттық батыры Хон Бом Доның қабірінен алынған топырақты табыстады.

(Жалғасы 2-бетте)



СЕУЛДЕ АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сеулдегі Кибер университеттің аумағына орнатылған ұлы Абай бюстінің ашылу салтанатына қатысты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

— Сеул төрінде казак халқының ұлы перзенті, ақын Абай Құнанбайұлының бюсті орнатылды. Бұл – корей бауырларымыздың казак халқына деген зор құрметінің белгісі, — деді Қазақстан Президенті.

Бюсттің жобасы Қазақстанда дайындалып, тұтас мүсіні Кореяда қоладан құйылған. Қасым-Жомарт Тоқаев бюсттің Корея астанасындағы университет аумағына орнатылуының маңызы екеніне тоқталды.

— Абай – ұлы ақын ғана емес, кемеңгер ойшыл, әйгілі ағартушы. Сондықтан Абайға арналған бюсттің білім ордасына қойылуы орын-

ды шешім екені сөзсіз. Мұның символдық мән-маңызы айрықша. Ол жұртты ғылым игеруге, білімдер болуға үндеді. Жаңашылдық пен жасампаздықты дәріптеді. Абай мұрасы – біздің елімізге ғана емес, барша адамзатқа ортақ құндылық. Дала данышпанының «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген сөзі бар. Бұл қасиеттерді корей халқы да ерекше бағалайтынын білеміз. Осы құндылықтардың арқасында қазір Корея Республикасы озық дамыған мемлекеттердің қатарына қосылып отыр. Былтыр біз Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап

өттік. Осыған орай көптеген ауқымды іс-шара ұйымдастырдық. Абай шығармалары әлемнің бірнеше тіліне аударылды. Соның ішінде корей тілінде «Алтын шаңырақта шырқалған ән» атты кітабы жарыққа шықты. Кореяда ұлы ойшылға арналған маркалар әзірленді. Мұның бәрі екі елдің рухани ынтымақтастығын одан әрі нығайта түсері анық, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында атсалысқан азаматтарға шынайы ризашылығын білдіріп, Абай мұрасының корей халқының рухани әлемінен орнын табатынына сенімді екенін айтты.



Қазақ-корей ынтымақтастығының ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мун Чжэ Ин Корея бизнесінің көшбасшыларымен кездесу өткізді. Жиынға қазақстандық ірі кәсіпорындардың басшылары да қатысты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстан Президенті корейлік бизнес өкілдерінің азық-түлік, тау-кен байыту, автомобиль және экономиканың басқа да секторында табысты еңбек етіп жатқанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қазақ-корей ынтымақтастығының зор әлеуеті әлі де толық ашылмаған.

Мемлекет басшысы Қазақстан өзінің 19 миллиондық нарығынан бөлек Еуразиялық экономикалық одаққа кіру үшін тиімді алаңның қызметін атқара алады деп есептейді.

— Қазақстан 75 миллион тұрғыны бар Орталық Азияның экономикалық тұрғыдан ең дамыған елі болып есептеледі. Заманауи

құқықтық, салықтық және қаржылық жүйе мен Орталық Азиядағы міндетті төлемдерсіз сауда жүйесі, Қазақстанды осы аймақта жұмыс істеуге ең қолайлы алаңға айналдырып отыр, — деді Мемлекет басшысы.

Президент біздің елдегі инвестициялық ахуал туралы айта келе корей тарапын жаңа ережелермен, яғни жеке қолдау шаралары, заңнамалық тұрақтылық және стратегиялық инвесторларға ерекше жағдай жасауды қамтитын «Стратегиялық инвестициялық келісім-мен» таныстырды. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл тетік «Самал жел» экономикалық ынтымақтастық тұжырымдамасын жүзеге асыруға да негіз болмақ.

Корея Президенті Мун Чжэ Ин өз сөзінде Қазақстанмен бірлескен инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына Оңтүстік Корея Үкімет тарапынан толық қолдау болатынын айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Оңтүстік Кореяның ірі компанияларының басшыларымен – Samsung Electronics компаниясының президенті Ин Ёнг Ли және Doosan Heavy Industries & Construction президенті Ёнг Инг Чонгпен екіжақты кездесулер өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ынтымақтастықтың перспективалы бағыттары «ақылды қалалар» жүйесін енгізу екенін айтып, «Қазақстан көлік қатынастарын басқару, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, деректерді қашықтан жіберу технологияларын енгізуге мүдделі», — деді.

Кейінгі толқын кітап оқи ма?

Осы жылды «Балалар әдебиеті жылы» деп жариялағандағы мақсат – кейінгі толқынның кітап оқуға құлшынысын арттырып, рухани азықтан сусындау мәдениетін қалыптастыру. Кейінгі кезде балалар мен жасөспірімдер кітап бетін ашпайды, көркем әдебиетке селсоқ деген пікірді жиі еститін болдық. Ертең ел тұтқасын ұстар азаматтар шынымен кітап оқудан қалып бара ма? Солтүстік Қазақстандағы жағдайға үңіліп көрдік.

Балалар әдебиеті жылдарман халге жеткен кезде балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдауға назар аударыла бастағанына тәубе дейміз, әрине. Алайда «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген тәсілге сүйенсек, жас ұрпақтың кітапқа немқұрайдылығының себебін отбасындағы тәрбиенің түптамырынан іздеген жөн сияқты. Осы жылдың көздеп отырғаны да сол – отбасылық кітап оқу дәстүрін жандандырып, қолдау көрсету. «Тәрбие тал бесіктен басталады». Ата-анасының кітапқа көз жүгірткенін көрген бала да білім нәрінен кітап арқылы сусындамай қоймайды деген пікірдің жаны бар. Мәселен, әкесі



де, анасы да, әжесі де мұғалім Әлішер Ағыбай Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» мен Лев Толстойдың «Война и мир»-ін 5-сыныпта жүрген кезінде оқып шыққанын айтады. Әлі де көркем әдебиетке құмарлығы азаймаған: әсіресе

Исай Калашниковтың «Жестокіі век» романын қайталап оқи бергенді жақсы көреді екен. Одан басқа да кітапсүйер жастар баршылық.

7»

NEET жастар: құлықсыз ба, жұмыссыз ба?

Елімізде 15-28 жас аралығындағы жастардың 6,7%-ы оқу оқымайды, не жұмыс істемейді. Ресми статистика бойынша, 14-29 жас аралығында 3,7 млн жас бар десек, оның ішінде құлықсыз нем жұмыссыздары 250 мыңға жетеабыл. Ал бұл ойланатын, шешім іздейтін цифр. Өйткені Әлемдік еңбек ұйымы дамушы елдерде осындай санаттағы жастар санын азайтуды көздейді.

МҮНДАЙ ЖАСТАР САНАТЫНА КІМДЕР КІРЕДІ?

Иә, NEET жастар санатына экс-министр Дархан Кәлетәев «оқуға, еңбектенуге, ізденуге құлықсыз саяси және азаматтық белсенділігі аса төмен, жауапкершілікті мойнына алып, белсенді өмір сүруге ниеті жоқ жастардың жалпы жиынтығы» деп түсініктеме

берген. Расымен, мұндай жастардың көбеюі қоғам дамуына кері әсер етеді. Президент NEET жастар статистикасын жылына кем дегенде 1%-ға азайтып, 2021 жылы 6%-ға төмендетуді міндеттеген-ді. Байқағаныңыздай, биыл көрсеткіш 6,7%-ды нұсқап тұр. Сонда жетерінше жұмыс жүріп жатқан жоқ па?

Жалпы, оқумен, жұмыспен қамтылмаған жастардың жеті түрі бар. Бірінші топтағылардың білімі мен тәжірибесі бар, бірақ ынтымақ жок. Екінші топқа жалғызбасты аналар мен декретте отырған әйелдер кіреді. Оған қоса ерте жастан ана атанған аруларды да осы топқа жатқызамыз. Фрилансерлер болса үшінші топқа, ауыл жастары төртінші топқа жатады. Ауыл жастарының білігі мен тәжірибесі жоқ, сондықтан қара жұмысқа тартылады. Денсаулығына байланысты жұмысқа орналаса алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандарды да NEET категориясына топтаймыз. Алтыншы топқа оқуын жалғастыруға ниеті бар, алайда мүмкіндігі жоқ мектеп түлектері мен әлеуметтік жағдайы нашар отбасы жастарын кіргіземіз. Ал жетінші топқа есірткі мен ішімдікке тәуелді, бұрын түрмеде отырған беіімдеу мен оналтудан өтіп жатқан жастар жинақталған.


6»

АРАЛДАҒЫ ҚУАҢШЫЛЫҚ: көмек жетпеген ауылдар бар



Биылғы қуаңшылық еліміздің екі облысына айрықша қиындық туғызды. Сырдария өзеніндегі судың жылдағыдан ерекше аз болуы, әсіресе қызылордалық шаруалардың тірлігін шатқаяқтатты. Арал ауданында бірнеше көл тартылып, су іздеген мал балшыққа батып өлді. Одан қалғаны жауын-шашын аз түсуінен оты азайған жайылымдарды қырды.

5»





ҚАЗАҚСТАН-КОРЕЯ: серіктестік сенімнен басталады

(Басы 1-бетте)

КОРЕЯ ИНВЕСТИЦИЯСЫ 6 МЛРД ДОЛЛАРДАН АСАДЫ

Одан соң соң ел басшыларының екі-жақты келіссөздері басталды.

Тараптар казак-корей стратегиялық әріптестігін одан ары дамытудың перспективаларын жан-жақты талқылады. Сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.

Сонымен қатар мемлекеттер басшылары ғаламдық және аймақтық өзекті мәселелерді қарастырып, халықаралық құрылымдардағы өзара ынтымақтастықты талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Корея Қазақстанда Азиядағы ең маңызды стратегиялық әріптесі екенін атап өтті.

— Бүгінде Қазақстанның экономикасына 6 млрд доллардан астам корейлік инвестиция тартылған. Инвестиция тарту ісін бұдан былай да жалғастыра беру керек деп ойлаймын. Қазір Қазақстанда корейліктер қаржы салған 550 компания жұмыс істеп жатыр. Олардың арасында

Samsung, Hyundai, Lotte, Posko және тағы басқалары бар. Өте жақсы институционалды база қалыптасқан, үкіметаралық комиссия мен іскерлік кеңес жұмыс істеп жатыр, — деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы корейлік әріптесіне коронавируспен күресте көрсеткен гуманитарлық көмегі үшін алғыс айтып, қазақстандық QazVac вакцинасы туралы ақпаратпен бөлісті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Кореяның жоғары технологиялар мен денсаулық сақтау саласын дамыту тәжірибесіне қызығушылық танытты.

Корей басшысы аймақтық және халықаралық үдерістерде Қазақстанның аса маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Мун Чжэ Ин екі елді байланыстыратын ерекше қарым-қатынастарды атап өтті.

— Корей халқының Қазақстан халқына деген ықылас-пейілі ерекше. Біз үшін Қазақстан Еуразия құрлығының орталығы болып саналады. Біздің халықтарымыздың тарихи байланысы сонау Ұлы Жібек жолынан тартып, кейінгі этникалық корейлерді Қазақстанға жер аударумен жалғасты. Біз Киыр Шығыстан жер аударылып барған

корейлерді өзінің ыстық құшағын жайып қарсы алған казак халқының кенелійдігін ешқашан ұмытпаймыз, алғысымыз шексіз, — деді Оңтүстік Корея президенті.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша мемлекеттер басшыларының қатысуымен бірқатар екіжақты құжатқа қол қойылды.

Ал екі мемлекет президенттерінің масс-медиаға арналған брифингінде өзара қарым-қатынасқа жоғары баға берілді.

— Қазақстан Кореямен серіктестікті жан-жақты дамытуға баса мән береді. Біз өзара тиімді әріптестікті жоғары бағалаймыз. Ынтымақтастықты тын қарқынмен жалғастыруға мүдделіміз.

Корея — жоғары технологиясы мен инновациялық өнеркәсібі дамыған қуатты мемлекет. Қазақстан — экономикалық өсімі тұрақты, әрі инвестициялық ахуалы қолайлы ел. Қазірдің өзінде «Таңғы шық елі» Азиядағы сауда серіктестеріміздің ішінде екінші орында тұр. Бұған қоса, Корея еліміздегі ең ірі 10 инвестордың қатарына кіреді, — деді Қазақстан Президенті.

Екіжақты ықпалдастыққа тын серпін беру үшін Корея Республикасының Пусан

қаласында Қазақстанның Бас консуллығын ашу туралы шешім қабылданды.

5G ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ШАҚЫРДЫ

Кездесуден соң Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Кореяға мемлекеттік сапары аясында Сеул қаласындағы «Отан үшін шейіт болғандар» монументіне гүл шоғын қойды. Одан соң казак-корей іскер топтарының дөңгелек үстел отырысы өтті.

Корея мен Қазақстанның ірі компаниялары басшыларының жиынына қатысқан Қ.Тоқаев президент Мун Чжэ Инмен өткен мемлекетаралық келіссөздердің негізгі қорытындылары туралы айтып берді.

— Қазақстанда корейлік компаниялардың қатысуымен жалпы құны 2,5 миллиард доллардан асатын 24 ірі жоба жүзеге асырылды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы автомобиль жасау, тұрғын үй құрылысы, металлургия және ауыл шаруашылығы сияқты салаларда жалпы құны 1,5 миллиард доллардан асатын келешегі зор үміт

күтіретін 16 инвестициялық жобаның іске асырылатыны туралы айтты.

— Қайта өңдеу өнеркәсібіндегі жоғары технологиялы өндіріс, сондай-ақ Индустрия 4.0 технологияларына стратегиялық тұрғыдан мүдделіміз. Оңтүстік Корея экономиканы цифрландыру бойынша әлемдік көшбасшы және 5G желілері саласында үздік болып танылды, — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанда инновациялық технологияларды дамыту үшін заманауи инфрақұрылым бар екенін атап өтті.

— Біз компьютерлік техника, желілік жабдықтар, деректерді өңдеу орталықтары бойынша бірлескен өндірістік жобалар ашуға мүдделіміз. Қазақстан 5G желісін өрістетуге бағытында жұмыс істеп жатыр. Ірі қалаларда алғашқы сынақтар өткізілді. Корея компанияларын елімізде 5G жобаларын іске асыру үдерісіне қатысуға шақырамын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев корейлік кәсіпкерлермен нақты жұмыс істеу үшін Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склярдың жетекшілігімен арнайы жұмыс тобын құру туралы шешім қабылдағанын айтты. Президент ірі инвестициялық, институционалдық, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды және оған жеке мониторинг жүргізуді өз бақылауына алатынын атап өтті.

А.СҰЛТАН

Тойды тоқтату үшін терезеден кірді



Балқаш қаласының мобильді топ мүшелері той болып жатқан мейрамхананың ішіне кіру үшін өрт сөндірушілерді шақырып, терезеден кіруге мәжбүр болды. Бұл туралы Балқаш қаласының әкімдігі хабарлады.

Балқаш қаласының коронавирусқа қарсы күресті үйлестіру орталығына мейрамханалардың

бірінде той өтіп жатқаны хабарланған. Мобильді топ мүшелері онда бірнеше минутта жеткен.

М.БАҚЫТЖАН

Жалған паспорт жасатқандарға вакцина ақылы салынуы мүмкін

Алматының бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшин вакцинация төлқұжатын сатып алған азаматтарға вакцина ақылы салуды ұсынды.

Жандарбек Бекшиннің айтуынша, жалған вакцинация паспортын сатып алған адамдар басқа азаматтардың денсаулығына және мемлекеттік бюджетке зиян келтірді. Себебі жалған паспорт жасалған жағдайда вакцинаның пайдаланылмаған дозалары жойылады.

«Вакцина паспортын сатып алғандар, біріншіден, олар вакцина салғызбаған. Екіншіден, вакцина төгіледі. Сондықтан олар вакцинаны өз қаражаты есебінен алуы керек. Осылайша, олар қатесін түсінеді», — деді Бекшин.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Табынбаев Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, вакцинацияның жалған паспортын сатып алуға өз еркімен



ниет білдіргендер үшін рақымшылық жасау мәселесін қарастырып жатқанын айтты.

Айта кетейік, бұған дейін Ішкі істер министрлігі вакцинация паспортты мен ПТР-тестін бұрмалау фактісі бойынша 110-нан астам қылмыстық іс қозғалғанын хабарлаған еді. 28 құқықбұзушылықтың

М.ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Ойнап жүріп, автокөлікті өртеп жіберді

Ақтөбеде 5, 6 және 7 жастағы үш көрші бала ГАЗельге от қойған. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады.

Оқиға 14 тамызда сағат 14.00-де Ақтөбе қаласының «Спецавтобаза-2» бау-бақша ұжымында болған.

Балалар автокөлік бортында ойнап, орындағы гүлгүл өртеп жіберген. Машина толық жанып кетті.

«Оқиға орнына полиция қызметкерлері мен өрт сөндіру қызметі жіберілді. Балалардың бұзақылығы үшін ата-аналары жауапқа тартылды» делінген ресми хабарламада.

Мейірім БАҚЫТЖАН



Көпбалалы ананы сотқа берді

Ақтау қаласының тұрғыны, көпбалалы ана Гаухар Ешмұханова Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа әділдік сұрап, бейнеүндеу жолдады. Оны «Атамекен» ҰҚП-ның «Бастау» жобасында алған 500 мың теңге грантын дұрыс игермегені үшін сотқа берген.

«Біздің отбасымыз тоғыз бала тәрбиелеп отыр. Оныңысын күтіп отырмыз. Осы уақыт ішінде күйеуім кеуеміз ешқашан мемлекеттен көмек сұраған емеспіз. Көпбалалы аналар шығатын түрлі митингтерге ешқашан қатысқан емеспін. Алайда жақында мені сотқа бергені туралы хабарлама алдым», — деді Гаухар Ешмұханова.

Гаухардың айтуынша, ол тоқыма өндірісін ашуды жоспарлаған. Алайда пандемияның кесірінен бөлмені жалға алу қиын болған.



«Гранттың бір бөлігін жабдыққа жұмсадым, қалғанын басқа жобаларыма салдым. Үйде онлайн жұмыстармен айналыстым. Тіпті, пандемия жағдайына түскенімізге қарамастан, ақшаны дұрыс инвестициялайтын жол таптым. Мұның бәрін сотта дәлелдеймін, менде

барлық дәлелдер бар. Ешкімді алдамдым. Ештеңе жасырмаймын, жасырынбаймын», — деді көпбалалы ана.

Гаухар Ешмұханованың ісін қарайтын сот отырысы 18 тамызда өтеді.

М.ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Басқарма басшысына пара алды деген айып тағылды


Ақмола облысында Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы пара алды деген күдікке ілінді. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі хабарлады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Ақмола облысының «Ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ басшысына қатысты тергеу жүргізіп жатыр.

Ол облыс кәсіпкерлерінен өкілеттігін аясына кіретін шешім қабылдағаны үшін ірі мөлшерде пара алды деген күдікке ілінді.

«Биыл 14 тамызда соттың санкциясымен күдікті қамауға алынды. Өзге ақпарат тергеу мүддесінде жария етуге жатпайды» делінген хабарламада.

Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ



Азаматтарды қабылдау жалғасып жатыр



«Nur Otan» партиясының Ақмола облыстық филиалы санитарлық талаптарды сақтап, қоғамдық қабылдауды онлайн және азаматтардың қолында ПТР-тест қорытындысы болған жағдайда бетпөт жүргізеді.

Осы жолы облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Бекмағамбетовтың қабылдауына тұрғындар екі мәселе бойынша жазылған «Семей-Невада» қоғамдық бірлестігінің Ақмола облысы бойынша төрағасының орынбасары Байтас Жүнісов пен бірлестік мүшесі Мұратбек Балғабаев тұрғын үй және ядролық сынақтан зардап шеккендерге берілетін жеңілдіктер мәселесін көтерді. Қоғамдық бірлестіктің облыстық филиалында бүгінде 53 адам тіркелген.

Қабылдау барысында сала мамандары «Ардагерлер туралы» және «Семей ядролық полигонында зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау» бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Айта кетейік, бүгінде «Ядролық сынақтарға қатысып, ҰОС ардагерлеріне теңестірілген тұлғаларға» 18 057 тенге көлемінде, ал «Ядролық сынақтарға қатысып, ҰОС мүдделіне теңестірілген тұлғаларға» 22 024 тенге көлемінде ай сайынғы төлемдер жүргізу бекітілген. Ал енді Көкшетау қаласы бойынша қоғамдық көліктерде жеңілдікпен жүруге қатысты мәселе қалалық мәслихатта қаралатын болды.

Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Саят Калкишова бала кезінен 2-топтағы мүгедектігі бар баласының баратын «Аялау» мүмкіндігі шектеулі балаларға

арналған орталығының тар екенін алға тартып, соған орай оны кеңейтуге немесе басқа жерден орын қарастыруға қолдау көрсетуді сұрап келген. Ғалым Бекмағамбетов мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, әсіресе балаларды әлеуметтендіруге ерекше көңіл бөледі. Сондықтан сала басшысы Дина Ахметжановаға орталықтың аумағын кеңейту бойынша нақты ұсыныс дайындауды тапсырды. Сонымен қатар қаладағы спорттық сауықтыру орталықтарының басшыларымен жасы 18-ден асқан мүмкіндігі шектеулі азаматтарды кедергісіз қабылдау бойынша келіссөздер жүргізу қажетін айтты.

Облыстық мәслихат депутаты А.Балташевқа «Nur Otan» партиясы Ақмола облыстық филиалының отбасы, әйелдер және балалардың құқығын қорғау бойынша қоғамдық кеңес отырысында білім алуға ерекше қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендірудің қосымша тетіктерін қарастыру тапсырылды. Ал «Jas Otan» жастар қанаты облыстық филиалының атқарушы хатшысы С.Бекішевке мүмкіндігі шектеулі азамат Ж.Шыңғысты әлеуметтендіру бойынша волонтерлік топты бекіту жөнінде бұйрық берілді.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

Вакцина салдырғандар көбейіп келеді



Бүгінде елдегі эпидемиологиялық ахуал маңызды мәселенің бірі екені бәрімізге аян. Осы тұста коронавирус инфекциясынан халықты сақтандыру бағытында рейдттік шаралар күшейтілді. «Nur Otan» партиясы Ақмола облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Анар Шамшадинава, партиялық бақылау комиссиясының төрайымы Аида Балқашбайқызы, қалалық мәслихат депутаты Уайс Ерсайынұлы мен өңірдегі қоғам белсенділері бірлесіп, науқастар жатқан емханалардағы жағдайды бақылап қайтты.

Бұған дейін Партиялық бақылау комитетінің жиналысы өтіп, жаңа құрам жасақталып, осы жылға арналған жұмыс жоспары бекітілген еді. Соған сәйкес халыққа вакцина салудың өзектілігін ескерген мамандар алдымен егу пункттеріне мониторинг жүргізу туралы ортақ шешімге келген.

— Бірінші кезектегі міндетіміз — жүйелі бақылауды қамтамасыз ету. Біз азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс істейміз және қоғамдық пікірді ескере отырып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлеріне талдау жүргізіп, жұртшылықпен ашық форматта жұмыс істеуді көзделдіміз. Қазір шаһардағы барлық егу пункттеріне мониторинг жүргізіміз. Вакциналар сақталатын мұздатқыштарды қарап шықтық. Әзірге арыз-шағымдар түскен жоқ. Алайда кез келген арызды қарауға дайынбыз, — дейді партиялық бақылау комиссиясының төрайымы Аида Балқашбайқызы.

Депутаттар мен партия мүшелері еке егу пункттерін түгел көрді. Қазіргі пандемия уақытында қалалық емхана қызметкерлерінің жұмысы қауыр. Өз кезегінде Ақтау қалалық №1 емханасының сала мамандары: «Келген тұрғынның жалпы жағдайы тексеріліп, қан қысымы, қызуы өлшенеді. Ешқандай шағым жоқтығына көз жеткізген соң калаған екіпте түрі салынады. Дәрігерлер күніне орта есеппен 300 адамның екпе алатынын айтып отыр», — дейді.

Мониторинг тобы бұдан соң Ақтау қалалық №2 емханасындағы екіпте салу кабинеттерін аралады. Қаланың орталығында орналасқан емдеу орнында кабинеттер вакцина салу мақсатында толық жабықталған екен.

— Кейбір азаматтарға жұмыстан соң вакцина салуға келу ынғайлы екенін ескеретін болсақ, егу кабинеттерінің кешке дейін жұмыс жасағаны дұрыс болар еді, — деді Ақтау қалалық мәслихатының депутаты Уайс Ерсайынұлы.

Соның күндері өз денсаулықтарына алаңдап, вакцина алуға келушілердің саны артқаны байқалған. Айтпақшы, жыл соңына дейін Маңғыстау облысы тұрғындарының кемі 60 пайызы вакцинаның екі компонентін де алады деп жоспарланған.

М.ХАҚНАЗАР

51 аула абаттандырылады



Орал қаласында «Nur Otan» партиясының бастамасымен үш жылға арналған «Аулаларды кешенді абаттандыру» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Биыл 51 ауланы абаттандыру үшін жергілікті қазынадан 2 миллиард теңге бөлінген.

«Аулаларды кешенді абаттандыру» бағдарламасы 2021-2023 жылдары жүзеге асырылады. Бағдарламаға қатысуға ниеттенген көпқабатты үй тұрғындары партия мен әкімдік сайтына өтініш қал-

дырады. Әрі абаттандыру жұмыстарына байланысты ұсыныс бере алады. Ауланы абаттандыру жұмысын жасақтауға сол тұрғындардың ұсыныс-тілегі ескеріледі. Орал қаласы әкімінің орынбасары Мираc Мүлкәйдін айтуынша, өткен жылдың қазанынан бастап ақпараттық хабарламалар жарияланып, тұрғындардың өтініші жиналған. Жалпы, 120-ға жуық аула бойынша өтініш түсіпті.

— Өткен жылы облыс әкімі шаһар бойынша кемінде 50 ауланы абаттандыру туралы тапсырма берген болатын. Осы орайда бағ-

дарлама аясында тұрғындардың өтінішін жинадық, олар ауладан не көргісі келетінін көрсетті. Тізімге сәйкес, алғашқы тіркелген 50 шақты аула бойынша смета дайындалды. Мердігерлер анықталып, жұмыстар басталды. Қазір жоспарланған 51 аула аумағының 12-сі бойынша жұмыстар аяқталып, тапсырылды. Бес ауладағы жұмыстар тамыз айында аяқталады. Абаттандыру жұмыстарында аулаға кіреберіс жолдардың асфальтталуына ерекше басымдық берілді. Өйткені тұрғындар тарапынан кіру-шығу жолдарына

қатысты уәж көп түседі. Сондай-ақ бұған дейін әр аулада бөлек-бөлек мердігер мекеме жұмыстар жүргізген болса, биыл барлық ауладағы жұмыс бойынша бір мердігерден сұраныс болуы қаперге алынды. Осы орайда жанарту жұмыстары көзделген барлық ауладағы жол төсемін төсеуді бір ғана мердігер жүргізеді. Барлық ауладағы спорт және ойын алаңдарын орнатуды бір мердігер атқарады. Осылайша, жалпы 4 мердігер ауланы абаттандырумен айналысады, — деді Мираc Рүстемұлы.

Абаттандыру жұмыстары басталған аулаардың бірі — Мәншүк Мәмөтова көшесінің бойындағы 60-үй. Қазір мұнда «Түркістан жол сервис» ЖШС асфальт төсеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мердігер компания директоры Жәмшит Махамөтовтың айтуынша, жиектастар ауыстырылып, аялдама тұрақтары кеңейтіледі.

Үш жылға арналған бағдарлама болғандықтан, енді аулаарды абаттандыруға қатысты өтінімдер жиналатын болады. Қала басшысының орынбасары Мираc Рүстемұлы енді тұрғын үйді басқаруда серіктестік құрған аулаар бірінші кезекте абаттандырылатынын атап өтті.

М.ТӨЛЕУ

Бұқаралық спорт үшін таптырмас кешендер салынады

Бұқаралық спорттың халықтың денсаулығын сақтау мен саламатты өмір салтын қалыптастыруға қосар үлесінің зор екенін жұрт жақсы біледі. Тіпті, бұқаралық спорт кәсіби спортшылардың өсіп шығатын бастапқы мектебі саналатыны тағы бар. Президент Қ.Тоқаев та бұл бағытқа айрықша назар аударып отыр. Бұқаралық спорт үшін жақсы инфрақұрылым да қажет. Ал елордада бұл бағытта жасалып жатқан істер аз емес.

Жуырда Нұр-Сұлтан қаласының төрт ауданына қарасты елді мекендерде жаңадан денешынықтыру-сауықтыру кешені салынып жатыр. Екінші қабатта кітапхана, балалар алаңы, тамақ ішетін орын, әкімшілік және тұрмыстық үй-жайлар орналасқан. Бір сөзбен айтқанда, елді мекен тұрғындары үшін барынша ынғайлы жағдай жасалған. Азаматтар спортпен айналысумен қатар, қажет кезінде ХҚКО қызметін де пайдалана алады. Сөйтіп, халыққа қызмет көрсету орталықтары үшін қаланың орталық бөлігіне келу қажеттілігі жойылмақ. Рас, елордалықтардың мемлекеттік қызметті электронды түрде алуға өзінен дағдыланғаны жасырын емес. Бірақ қалада әлі де болса дәстүрлі қағаз құжатты алушылардың қызығуы болса керек.

Адамдарға арналған қызығушылық клубы болады. Әрі кешенде халыққа қызмет көрсету орталығы да орналасады. Екінші қабатта кітапхана, балалар алаңы, тамақ ішетін орын, әкімшілік және тұрмыстық үй-жайлар орналасқан. Бір сөзбен айтқанда, елді мекен тұрғындары үшін барынша ынғайлы жағдай жасалған. Азаматтар спортпен айналысумен қатар, қажет кезінде ХҚКО қызметін де пайдалана алады. Сөйтіп, халыққа қызмет көрсету орталықтары үшін қаланың орталық бөлігіне келу қажеттілігі жойылмақ. Рас, елордалықтардың мемлекеттік қызметті электронды түрде алуға өзінен дағдыланғаны жасырын емес. Бірақ қалада әлі де болса дәстүрлі қағаз құжатты алушылардың қызығуы болса керек.



салудағы ең басты мақсат — бұқаралық спортты насихаттау. «Денешынықтыру-сауықтыру орталығы бұқаралық спортты насихаттау мақсатында салынған, бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында айтқан болатын. Полицентрлік қағидат бойынша мұндай спорт нысандары елорданың 4 ауданында (елді мекендер) салынған. Сонымен қатар спорттық аймақтарға және ашық кеңістіктерге деген үлкен сұранысты атап өтуге болады. Көше спортына арналған инфрақұрылымды құру жұмысы қаланың барлық ауданында «Нұр-Сұлтан — жайлы қала» мастер-

жоспары бойынша жалғасатын болады», — деп атап өтті Сәулет қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранжаев.

Жалпы, соңғы жылдары елордада халыққа қолайлы жағдай жасау, бұқаралық спортты дамыту, аулаар мен шет аймақтарды абаттандыруға айрықша көңіл бөлініп келеді. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов тұрғындар үшін көптеген мүмкіндіктер жасалғанын айта келе, азаматтардың денешынықтыру-сауықтыру кешендеріне тегін бара алатынын да айтқаны бар. Бұл дегеніңіз — әкімдіктің қаланы жайлы мекен

ғана басталған жоқ. Осынау кешендер салынып біткен соң да аяқтала қоюы неғайбіл. Өйткені Қазақстан астанасы тұрғындар мен қонақтар үшін қауіпсіз, жайлы, сәулеті мен дәулеті келіскен шаһарға айналып келеді. Заман талабы қалай өзгерсе, қаланың дамытылуы да соған сәйкес болуы керек. Әйтпесе, шаһардағы ірі шаһарлармен бәсекелесу оңайға соқпайды.

Айтпақшы, сөз басында бұқаралық спортты дамыту мен аймақтарды абаттандыру жұмысының биыл ғана басталағанын айттық қой, енді соған біраз мысал келтірейік. Қала әкімдігінің мәліметтеріне қарағанда, елорда әкімінің тапсырмасына сәйкес аулаар мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмысы «Нұр-Сұлтан — жайлы қала» мастер-жоспары аясында жүзеге асырылып жатыр екен. Биылтыр қалада 150-ден астам аула және 60 қоғамдық кеңістік, яғни саябақтар, скверлер, бульварлар абаттандырылыпты. Биыл 190 нысан салынып, жөнделетін көрінеді. Демек, қала жайлы гүлденіп, жайнай түседі деген сөз. Ең бастысы, елорда азамат тұрмысына қажет дүниенің барлығын ұсына алатын, қауіпсіз, тыныш, жайлы қалаға айналып келеді. Күндердің күнінде «жайлы қала» дейтін мәртебесі арқылы да Нұр-Сұлтан шаһардағы үздік шаһарлар қатарына қосылатын шығар. Қазір атқарылып жатқан істер сондай күнге жету жолындағы алғашқы баспалақ болса керек.

Ардак СҰЛТАН



2011 ЖЫЛ: ЕЛ МЕРЕЙІ ӨСКЕН СӘТ

2011 жыл Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы тойланған мерейлі кезең еді. Бұл жыл Қазақстан тарихында қалатын бірқатар оқиғалармен есте қалғаны бар. Атаулы жыл болғанымен, саяси оқиғалар да, спорттық іс-шаралар да, тіпті елді алаңдатқан жайттар да сол бір қоян жылында аз болмаған еді. Енді бәрін рет-ретімен баяндайық.

Ардақ СҰЛТАН

ЕЛБАСЫНА ХАЛЫҚ СЕНІМ АРТТЫ

Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қызу саяси науқанмен басталды. Дәлірек айтқанда, 2010 жылдың соңында қоғам белсенділері Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттілігін 2020 жылғы 6 желтоқсанға дейін ұзарту туралы бастама көтерген болатын. Өскеменде жиналған бастамашы топ өкілеттілік мерзімін референдум арқылы ұзарту қажет деген уәж айтаған-ды. Бастаманы жиыңға қатысқан 850 делегат бірауыздан қолдап, 2011 жыл күрғын кезеңі ел ішінде референдум туралы пікірталас қызып тұрған-ды. Ең қызығы, референдум өткізу туралы бастаманы бір айдың ішінде 5 миллион адам қолдады. Осылайша, қоғам Нұрсұлтан Назарбаевқа сенетінін, ел болашағын Тұңғыш Президентпен байланыстыратынын байқатты. Тіпті, Парламенттің өзі Президент өкілеттілігін ұзарту туралы бастаманы қолдап, арнайы заң қабылдады. Бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы елде заң үстемдігінің маңызды ескеріп, депутаттар қабылдаған заңның Конституцияға сәйкестігін анықтау үшін Конституциялық кеңеске жүгінді. Ал Кеңес заңның Конституцияға сай емес екенін анықтады. Сөйтіп, референдум өтпейтін болды. Елбасы болса көпшіліктің тілегін ескере отырып, референдумның орнына мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізуді ұсынды. Жағдайды Нұрсұлтан Әбішұлы: «Біз мұны «жай қабылдау немесе бас тарту» ретінде емес, өмірдің өзі ұсынған демократияның тарихи тағалымы деп қабылдағанымыз жөн» деп түсіндірген еді. Сөйтіп, 2011 жылы елімізде мерзімінен бұрын Президент сайлауы өткен болатын. Сайлауда «Nur Otan» партиясы атынан үміткер ретінде ұсынылған Н.Назарбаев сайлаушылардың 95,5 пайыз дауысын алып, Президент ретінде сайланды.

Сөйтіп, ресми түрде қызметіне 2011 жылғы 8 сәуірде кірісті.

Әрине, референдум өткізу бастамасын ұсынған азаматтар мен олардың идеясын қолдаған халықты түсінуге болады. Отандастарымыз Қазақстан тәуелсіздігінің бекем болуы Елбасының саясатына тікелей байланысты болғанымен, жақсы түсінетін. Президентке деген сенім де күшті еді. Дегенмен «алдымен экономика, содан соң саясат» дейтін ұстанымды басшылыққа алған Нұрсұлтан Назарбаев елдегі демократиялық құндылықтарды да маңызды екенін жақсы білді. Референдум да демократияға қайшы емес екенін білгенімен, заң үстемдігін бірінші орынға қойды. Конституциялық кеңеске жүгінуінің сыры – осында.

МӘЖІЛІС ТАРATЫЛҒАН ЖЫЛ ЕДІ

Қызығы, 2011 жылы екі сайлау өту ықтималдығы пайда болғаны бар. Бірақ заң бойынша олай болуы мүмкін емес еді. Өйткені жыл басында кезектен тыс Президент сайлауы өткен болатын. Бірақ 2011 жылдың күзінде депутаттар Мәжілісті таратып, кезектен тыс сайлау өткізу туралы үндеу жариялады. Олар Конституцияға енгізілген өзгерісті алға тартып, Мәжілісте кемі екі партия болуы керектігін ұсынды. Ал Елбасы 6 қарашада «Төртінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қойды. Сөйтіп, Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау 2011 жылы емес, 2012 жылдың басына белгіленді. Ал сайлауға дейін Парламенттің барлық жұмысы Сенатқа жүктелген еді.

«ЯДРОСЫЗ ӘЛЕМ ҮШІН» БАРЫСЫЗДЫ САЛДЫҚ

2011 жылғы 21-23 қыркүйекте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-сессиясында пікірталасы мен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жоғары деңгейлі кездесуге қатысқан-ды. Басқосуда Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қарусыз әлемнің жалпыға ортақ декларациясын әзірлеу идеясын айтты.

тасы мен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жоғары деңгейлі кездесуге қатысқан-ды. Басқосуда Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қарусыз әлемнің жалпыға ортақ декларациясын әзірлеу идеясын айтты. Сол жылында Қазақстанның БҰҰ-дағы өкілдік деңгейі кенейтілді. Сөйтіп, сол кезде Парламент Сенатының төрағасы қызметін атқарып жүрген Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары-БҰҰ Женева бөлімшесінің Бас директоры, Қарулыландыру жөніндегі конференцияның бас хатшысы болып тағайындалды.

Ал сол жылғы 12 қазанда Астанада «Ядросыз әлем үшін» атты халықаралық форум басталған еді. Екі күнге созылған форум қорытындысында «Ядролық қарусыз әлем құру туралы» Астана декла-



өзінің ядролық қаруды таратпау жөніндегі ұстанымын тағы дәлелдеген болатын.

ЖЫЛ СПОРТТАҒЫ ЖЕҢІСТЕРМЕН БАСТАЛДЫ

Иә, 2011 жыл спорттағы мол табыстармен басталды. Өйткені Қазақстан VII қысқы Азия ойындарында командалық есепте топ жарды. Ал осынау ойындар Алматы мен Астана қалаларында өткен болатын. Қоян жылының қантары мен ақпанында бұқара тек Азия ойындары туралы әңгіме айтатын. Қайтсін енді, тәуелсіз Қазақстан

Азияда кезінде спорттың 11 түрінен жарыс өткізілсе, жалпы 27 мемлекеттің спортшылары бақ сынады. Жарыстан Қазақстан 32 алтын, 21 күміс, 17 қола медальмен жалпы командалық есепте топ бастаса, Жапония 13 алтын, 24 күміс, 17 қола медальмен екінші орын иеленді. Оңтүстік Корея 13 алтын, 21 күміс, 13 қола медальмен үшінші орын алса, Қытай 11 алтын, 10 күміс, 14 қола медальмен төртінші орынға тұрақтады. Бір қызығы, VII қысқы Азия ойындарындағы барлық алтын медальді осы төрт мемлекет өзара бөлісіп алды. Күмістің де біразын осы төрт елдің спортшылары алды. Өзгелерден Моңғолия мен Иранның бір-бір спортшысы ғана күміс медаль иеленіпті.

Ойындарды өткізуге 1,6 млрд доллар жұмсалды. Бірақ оның 1,4 млрд-ы спорт нысандарын жөндеу мен жанарын салуға, жарыстың өзіне 282 миллион доллар жұмсалды. Сөйтіп, Қазақстан ірі спорттық шараны өткізу арқылы көптеген спорт нысандарын ретке келтіріп алған еді. Жалпы, жарысқа 1 000-нан астам спортшы қатысты. Олардың 167-сі – отандастарымыз.

Спортты айттық қой, 2011 жылы қазақстандық «Астана» командасы әйгілі «Дакар» раллиіне қатысты. Алғаш рет Аргентина мен Чили жерінде өткен жарыста отандық команда 8-орын алды. Бірақ көлігі өзіміздікі емес еді. Ресейдің «КамАЗ» концерні көлік ұсынған болатын. Дегенмен елдің имиджі үшін жасалған бұл жобаны тым сөзсіз болды деуге келмейді. Жалпы, сол жылдары «Астана» атын иеленген түрлі клуб болды. Бокста да, велоспортта да елорданың атын иеленген клубтар бар еді. Кейін «Астана-Арланс» төртізді клубтар таратылды. Бірақ ол басқа әңгіме.

2011 жылғы 21-23 қыркүйекте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-сессиясының пікірталасы мен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жоғары деңгейлі кездесуге қатысқан-ды. Басқосуда Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қарусыз әлемнің жалпыға ортақ декларациясын әзірлеу идеясын айтты.

рациясы қабылданды. Басқосуға БҰҰ, МАГАТЭ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕурАзЭК, АӨСШК, ЮНЕСКО тәрізді беделді халықаралық ұйымдардың өкілдері, сарапшылар мен ғалымдар қатысты. 400-ден астам қонақ келген болатын. Форумда сөйлеген сөзінде Н.Назарбаев: «Ядросыз әлем – бұл қиял емес. Бұл планетаның едәуір бөлігі қолдап отырған шындық. Ядролық қарудан азат етілген аймақтар Оңтүстік және Орталық Америкада, Аустралия мен Океанияда, Оңтүстік-Шығыс пен Орталық Азияда құрылды – бұл іс жүзінде әлемнің тең жартысы. Бүгінде барлық ядролық мемлекеттер тарапынан оларға қатысушыларға халықаралық-құқықтық кепілдіктің тиімді тетіктері қажет» деген еді. Осылайша, Қазақстан

түгілі, КСРО кезінде де біздің елде дәл сондай ауқымды спорттық шара өтпеген еді.

Негізі, 2011 жыл тура мағынасында спортпен басталған-ды. 2010 жылдың 31 желтоқсанынан 2011 жылдың 1 қаңтарына қараған түні Әл-Кувейт қаласындағы Азиялық Олимпиада кеңесінің штаб-пәтерінде ойындар алауы тұтатылып, «сапарын» бастаған еді. 2 қаңтарда Қытайдың Чангчун қаласына әкелінген алау 3 қаңтарда Алматыға жеткізілді. 27 күн еліміздің барлық аймақтарын аралаған ойындар алауы 30 қаңтарда Астана көшелерімен өтіп, «Астана-Арена» стадионында өткен ашылу салтанатына жеткізілді. Сөйтіп, қаңтар мен ақпанның сары аязына қарамастан ел халқы дүбірлі доданы тамашалағаны бар.

Ауыл әкімдері сайлауы-2021

Ауылы үшін барын салмаққа бекінді

Бүгінгі қоғамда қыз-келіншектердің биік лауазым иеленіп, жоғары мінбелерден көрініп жатқаны шындық. Былтыр «Nur Otan» партиясының праймерзінде де әйелдердің қарасы аз болмаған. Партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттарға арналған тізімдерінде де әйелдер мен жастар үлесі 30 пайыздан кем болмауы керек. Заңда солай көрсетілген.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Ауыл әкімдері сайлауында да әйелдер біршама белсенділік танытты. Бірқатарына елдің таңдауы түсіп, дауыс саны жағынан қарсылас ер азаматтардың арасынан суырылып шығып, жеңіске жетті. Бүгінгі кейіпкеріміз – жақында өткен сайлауға түсіп, өзі тұрып жатқан Аршалы ауданы Волгодоновка ауылының тізгінін ұстаған Тыныштық Қыдырбаева.

Елорданың дәл іргесіндегі Волгодоновка ауылдық округіне Волгодон ауылымен қатар Қойгелді және 42 рәзвед елді мекені кіреді. 2 мыңнан астам түгін түтетіп жатқан ауылдың негізгі бөлігі елордаға қатынап қызмет етеді. Басым бөлігі тіршілігін мал және егін егуген табады. Дегенмен ауылдағы әлеуметтік мәселелердің көбеюі әйел адамның бейнесін бекем бууына себепші болса керек.

ӘКІМДЕР КЕЛІМДІ-КЕТІМДІ БОЛҒАН СОҢ САЙЛАУҒА ТҮСКЕН

Тыныштық Ұзақпайқызы сонау Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында дүниеге келсе де, арман қуып елордаға келіп қызмет еткендер қатарынан. Кейін осы өңірде біржола тұрақтап, жолдасы да, өзі де елорданың іргесіндегі Волгодоновка қоныс тепкенді жөн санапты. Кейіпкеріміз билікке араласуына негізгі себеп өз ауылына басшылыққа келген әрбір өкілқаралардың осы ауылдан емес, келіміз-кетіміз адам болғанына іштей налығанынан екенін айтады.

«Осы уақытқа дейін Волгодоновка ауылында мектепте оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істедім. Әрине, ауылда мәселе өте көп. Әйел адам болған соң халық сеніп тапсырған лауазымның жүгі ауыр екенін жақсы түсінемін. Дегенмен он жылдан астам осында тұрғанда әкімдердің ауданнан немесе қаладан келіп-кетіп қатынап істейтінін көрдім. Сондықтан елге тұрақтамай жиі ауысып жатты. Сонғы әкім зейнетке шыққан. Ауылдағы өзекті мәселелердің шешімін таппай жатқаны жаныма бататын. Әсіресе, шұрық тесікке айналған жолымыз, төгілмей жатқан қоқыстар, басқа да әлеуметтік күрделі мәселелер толғандырды. Соқырлыққа бейбар болған бар-жоғы бес-ақ шақырым жолымыз республикалық маңызға ие екен. Бірақ еш нәрсе өзгермеді. Содан не болса да ел ішінен бір адам шығу керек қой деген оймен сайлауға түсуге бел байладым. Әрине, елге аста-төк уәде беруден аулақпын. Дегенмен қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, сеніп тапсырылған ауыр жүкті абыроймен әрі жауапкершілікпен атқарсам деген ниетім бар», – дейді Тыныштық Ұзақпайқызы.

АУЫЛДЫҢ ТАЗАЛЫҒЫНА МӘН БЕРЕМІН

Ауыл тізгінін қолға алған жаңа әкім алғашқы қадамы тазалықты қолға алудан бастауды жөн санағанын айтады. Осы орайда жергілікті кәсіпкерлердің де қолдау



көрсетіп, бетін қайтармай демеушілік көмектерін жасап жатқанын алға тартты. «Әйел болған соң жан-жағыңның, жалпы бәріннің тап-таза болғанын қалайсың ғой. Мен де ауылымның мұнғаздай болып, абаттандырылғанына барынша назар аудармақпын. Сондықтан ауылдың кіреберісінен бастап ағаштар егіліп, қоқыстардың төгілуіне көңіл аударып жатырмын. Ауылдың ортасында ескі бұзылған балабақша ғимараты бар. Шыны керек, кім көрінген әбден коқыс үйіндісіне айналырған. Тіпті, көліктерімен әкеліп сол жерге төгіп кететіні де талай көргенмін. Соны сүріп тастап орнына ауыл адамдары мен жастар демалатын гүлзар жасап, ағаштар егіп, орындықтар қойсақ па деймін. Оған жергілікті кәсіпкерлермен де келісіп, коқысын тазартып қойдық. Орындар да әзірленді. Сондай-ақ ауылда қараусыз әрі иесіз қалған стадион мен ескі хоккей корты бар. Нысандар ешкімнің

меншігінде болмай шықты. Енді соны әкімдіктің теңгеріміне кіргізіп, құжаттарын жасатып жатырмыз. Ауыл спортқа өте жақын. 7 жыл бойы ауыл аудандық «Ақ бидай» спартакиадасының чемпионы атанған. Сондықтан да осы спорттық нысандарды демеушілердің көмегімен қайта жаңғыруына жол ашуды жоспарыма енгіздім», – дейді Тыныштық Қыдырбаева.

АУЫЛДЫҢ АТЫН ҚАЗАҚШАЛАҒЫРАМ ДЕЙМІН...

Жаңа әкім ауылдың тіршілігіне ғана емес, тіл мәселесіне де бейжай қарай алмайтынын аңғартты. Әсіресе, ауылдың әлі күнге «Волга» және «Дон» өзендерінен қоныс аударған адамдар үшін «Волгодон» атанғанына іштей налитынын жасымрады. «Әрине, ауылда өзге ұлт өкілдері де көп тұрады. Осыған дейін де бұл жағдай бірнеше рет көтерілген. Жұмабек Тәшенов есімін берейік деп ол да жоғары жақтан кейін қайтарылған. Негізі, тарихи мәңгіге қазақ тілінде қолайлы келетін атты таппай біраз қиналды. Біресе мораторий жарияланып, біресе басқа да себептермен ауылдың аты қазақшаламай тұр. Ел бұрынғы «еліміз тоқ болсын» деген атауды ұсынып жатыр. Елде бұрын да осындай атау болыпты. Ескі де болса ауылдағы стадионда «Елтоқ» стадионы деп жазылып тұр. Осындай деректермен ауылдың атын қазақшаласақ па деймін», – дейді Тыныштық Ұзақпайқызы.

Алдағы болашағына нық сеніммен қараған нәзік жанды әкім отағасының қашанда қолдау білдіретінін айтты. Саяси додада да жолдасының демеу болғанын атап өтті.

«Мен үшін отбасым үш балам мен жұбайым, қолдаушы әрі тірегім. Жұбайым мектепте денешынықтыру пәнінің мұғалімі. Әрине, жалақысы ұстаздардың

жалақысынан әлдеқайда төмен екенін білгеннен кейін сайлаудан бас тартсам ба деп те ойладым. Күйеуім «Әйелім бастық болып кетті!» деп үркілейді. Керісінше, бастаған ісіме қолдау білдіріп, елдің дамуына үлес қосқан келеді ғой. Әлі-ақ бәрі дұрыс болады. Елдің батасын алып, құрметіне бөленесін деп сайлауға түсуіме түрткі болды. Сөйтіп, халықтың қалауымен әділ түрде өткен сайлауды жеңіске жеттім», – дейді Тыныштық Қыдырбаева.

Ауыл әкімі биыл тұңғыш рет халықтың дауыс беруімен өткен әкімдер сайлауы бұрынғыдан гөрі әділ өтті деген пікірде. Оған өз көзімен де куә болған.

«Әкімді халық сайлаған бұл саяси дода ауыл тұрғындары үшін тын әрі жағымды жаналық болды. Халық «өздері тағайындай салады» деген стереотипті ойдан арылып, өз болашағы үшін белсенді дауыс берді. Тіпті, дауыс беру кезінде «әділ өтті ме, тексеріміз!» деп көлігін сайлау учаскесінің алдына қойып, видео тіркегішін қосып кеткендер де болды. Сайлауға 5 адам түскен. Екі адамның құжаттары дұрыс болмай өтпей қалды. Үш адамның басқалары қаладан, ауданда әкімшілік қызметте істейтіндер болды. Бірақ халық «өз ауылымыздың ауасын жұтып, осы елде тұрады ғой» деп маған дауыстарын берді деп ойлаймын. Сондықтан да жауапкершілік жүгін аркалап, абыроймен елдің туын жықпай алға қадам бастырсам деймін. Сайлаудан кейін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен де кездесудің сәті түсті. Аршалы ауданынан алты адам бардық. Соның ішінде Аршалы ауданында жалғыз әйел әкім болғандықтан, кездесуге мен де іліппін», – дейді Тыныштық Ұзақпайқызы.

Ел сенімін ақтауға ұмтылған әкімге біз де сәттілік тіледік.

Машина жасайтын маман аз

Машина жасау – Қазақстанда нөмірі бірінші нарық. Мәселен, елдегі барлық тауар импортының жартысына жуығы, яғни 48,9 пайызы машина жасау өнімінің импорты. 2020 жылы салада 3 007 кәсіпорын тіркеліп, шамамен 14,2 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Өйтсе де, кәсіпорындардың көбінде білікті мамандар жетіспейді. 2024 жылға дейінгі кезеңге арналған Машина жасауды дамытудың жол картасында дуальді білім беру жүйесін жетілдіру қарастырылған.



Нұрлан ҚОСАЙ

КАДРҒА ДА ҚАМ КЕРЕК

Штаб-пәтері АҚШ-тың Калифорния штатының орталығы Лос-Анджелесте орналасқан Cogni Group басқарушылық консалтингтік фирмасы жүргізген зерттеулердің нәтижелері бойынша, 2030 жылға қарай дамыған елдерде мамандар тапшылығы өте қатты туындайды екен. Сарапшылардың пікірінше, бұл жағдай әлемдік экономиканың баяулауына және оның шамамен 8,5 трлн АҚШ долларын жоғалтуға әкелуі мүмкін. Тіпті, барлық салада технологияның баяулауына әсер етуі ықтимал. Сондықтан да сарапшылар кәсіпорындарға кадрлық әлеуетті арттыруға баса назар аударуға кеңес береді.

«Білікті мамандар – кез келген өндірістің басты және маңызды факторларының бірі. Басқа салалар сияқты машина жасау да жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігіне тап болады. Мәселен, әлемнің ең ірі төрт бухгалтерлік фирмаларының қатарына кіретін, штаб-пәтері Лондонда орналасқан, мультинационалды профессионалды қызмет түрлерін көрсететін PriceWaterhouseCoopers фирмасы биыл

еліміздің 60 кәсіпорны басшылары арасында сауалнама жүргізді. Олардың 90%-дан астамы білікті мамандар тапшылығын өндірістік мәселелер арасындағы басты проблема ретінде атап көрсеткен. Сондықтан да 2024 жылға дейінгі кезеңге арналған Машина жасауды дамытудың жол картасында саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету басты міндеттердің қатарында тұр. Оны мемлекет дуальді білім беру жүйесін жетілдіру есебінен шешпеуі керек. Атап айтқанда, өндірістік тәжірибеден өтуге жұмсалатын шығындар бірлесіп қаржыландырылады. Атап айтқанда, шығындардың 70%-ын мемлекет және/немесе оқу орны, 30%-ын жұмыс беруші өтейді. Кәсіпорындардың оқу орындарымен тығыз ынтымақтастығы оң нәтиже бермек», — дейді «Qazindustry Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ басқарма төрағасы Берік Бекенов.

Бірақтар кәсіпорындар мамандар жетіспеушілігі мәселесін бейінді білім беру

мекемелерін қамқорлыққа алу немесе толық иемдену арқылы шешіп жатыр. Бұл студенттер мен курсанттарға өндірістік процесс шеңберінде ең қажетті білім беруге мүмкіндік беріп, оқушылар нақты жұмыс орындарымен табысты қызметке тұратынына сенімді болады. Сапалы білім беру процесі еңбек нарығына серпін әкеліп, оны дамытуға мүмкіндік береді. Білім беру стандарттарын бизнес үшін өзекті салалық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға бейімдеу қазақстандық машина жасау саласын одан сайын жандандырмақ.

ИМПОРТ – \$17,3 МЛРД

Әйтсе де, білікті кадрлардың тапшылығы бүгінде ауыр өнеркәсіп саласы үшін үлкен кедергі болып отырған жоқ. Әзіргі көрсеткіштеріміз көңіл көншітерілік. Мәселен, 2020 жылы салада 3 007 кәсіпорын тіркелген болса, оның 63-і ірі, 102-сі орта және 2 842-сі шағын кәсіпорын. Осы мекемелерде 14,2 мың жаңа жұмыс орны

ашылды. Ауыр индустрияландыру желі өнеркәсіпке де тыныс беретінін ескерсек, мұнда бір жұмыс орнын құру сабақтас салаларда бес-алты жұмыс орнының ашылуына әсер етеді. Осы есеппен алғанда бұл кемі 70-80 мың адам жұмыспен қамтылды деген сөз. Шын мәнінде, 10 жыл ішінде елімізде машина жасау өндіріс орындарының саны 76,8% өсті. Индустрияландыру бағдарламасы басталған 2010 жылға дейін олардың саны 1700-ге жетпейтін еді.

«Елдегі барлық тауарлар импорты 35,4 млрд АҚШ долларынан асып бөлсе, оның жартысына жуығы, яғни 17,3 млрд АҚШ доллары машина жасау өнімінің импорты. 2009-2020 жылдар аралығында өндіріс көлемі ақшалай алғанда 6,4 есе өсіп, рекордтық ең жоғары көрсеткіш – 1,8 трлн теңгеге жетті. Индустрияландыру жылдарында қазақстандықтар жана тауарлар: электровоздар, жолаушылар вагондары, қуаты аз тракторлар, автотіркеуіштер, пресс-жинауыштар, желдеткіш жабдықтар, теміржол дөңгелектері, осьтер және теміржол саласына арналған басқа да жиынтықтауыштар, Орталық Азия нарығы үшін өндірісі бірегей – аса қуатты трансформаторлар, модемдер мен коммутициялық жабдықтар және тағы басқаларын жасауды меңгерді», — дейді «QazIndustry қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ салалық даму дирекциясының басшысы Әсет Адахаев.

QazIndustry орталығының мәліметінше, Қазақстандық машина жасауда қосылған құнның жаһандық өндірістік тізбегін құру бойынша үлкен перспективалар бар екен. Қазір көптеген кәсіпорын әлемдік машина жасаудың ірі брендтерімен бірлесіп жұмыс істеп жатыр. Мәселен, Өскемендегі «Силумин Восток» компаниясы «Шнайдер Электрикс» компаниясымен ынтымақтастықта жоғары экспорттық құрамы бар электр машина жасау өнімдерін шығарады. «AB3» ЖШС мен әлемге әйгілі LG Electronics арасындағы ауаны баптау және желдету жүйелері өндірісіндегі ынтымақтастықты да атап өткен жөн.

ЭКСПОРТ БАСТЫ НАЗАРДА

Машина жасау өндірісін дамыту негізінен Қазақстанның ішкі нарығына бағдарланған. Дегенмен сала өнімдерінің экспорты да артып келеді. 2009 жылдан бастап экспорт көлемі 3,3 есе өсті (2009 жылы 395,3 млн АҚШ доллары, 2020 жылы 1 309,4 млрд АҚШ доллары). Өткізу нарықтары кеңейтілді. ЕАЭО елдерінен басқа, отандық өнімді жақын және алыс шетелдер – Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Грузия, Қытай, БАӘ, Бенин, Люксембург, Венгрия пайдаланады. Өсімді негізінен мұнай-газ, теміржол машина жасау және электр жабдықтары өнімдері қамтамасыз етті.

«Отандық автомобиль жасау саласы да экспорттық позицияларын нығайтуда. Егер 2010 жылы Қазақстаннан тек 3 машина экспортталса, 10 жылдан кейін, яғни 2020 жылы 8 122 көлік экспортталды. Экспорттың негізгі бағыты – Өзбекстан мен Ресей. Алайда біздің автоөнеркәсіптің мақсаты – ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру. Өткен жылы 77 400 автокөлік жиналып, биыл оны 100 мыңға дейін жеткізу жоспарланып отыр», — дейді ИИДМ Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары Олжас Әлібеков.

Мемлекет басшысы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің алдына үшінші бесжылдыққа маңызды индикаторлар қойып отыр. 2025 жылға қарай машина жасау мен өңдеу өнеркәсібінде экспорттық көлем екі есе, еңбек өнімділігінің нақты өсімі 1,6 есе, негізгі капиталға салынатын инвестициялар 1,6 есе өсуі тиіс. Отандық машина жасау саласының әлеуеті зор. Импортты алмастыру есебінен ғана 16,5 млрд АҚШ долларынан астам көлемде тауар өндіруге болады. Ал мұндай әлеуетті өнеркәсіп тек қана білікті мамандардың есебінен сәтті жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да мемлекеттің техникалық мамандықтарға гранттарды көптеп бөліп, мұндағы әлеуметтік қолдауды бұрынғыдан да арттыра түскені ләзім.

Аралдағы қуаңшылық: көмек жетпеген ауылдар бар



Биылғы қуаңшылық еліміздің екі облысына айрықша қиындық келтірді. Сырдария өзеніндегі судың жылдағы ерекше аз болуы, әсіресе қызылордалық шаруалардың тірлігін шатқаяқтатты. Арал ауданында бірнеше көл тартылып, су іздеген мал балшыққа батып өлді. Одан қалғаны жауын-шашын аз түсуінен оты азайған жайылымдарда қырылды.

Аталған жайтқа байланысты Қызылорда облысы әкімдігі қуаңшылықтан 574 бас мал қырылды деп ресми ақпарат бергенмен, шаруалар шығынның бұдан әлде қайда көп екенін айтады. Бір ауылдағы әрбір үйден 5-6 бас түлік арам өлді деген олар шығын жөнді есепке алынбады дейді. Сонымен қатар Арал ауданына төтенше жағдай кеш жариялануы да жағдайды ушықтырып жіберген.

Өндірістік еріктілер мен өзге де қайырымды жандар қуаңшылық жайлаған елге барынша қолдау көрсетіп жатыр. Бүгінге дейін Арал ауданына басқа аудандардан 9 490 тонна шөп және 376,8 тонна жем жеткізілген. Шымкент, Жамбыл, Ақтөбе облысы Үлкен Арал ауданынан, Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарынан қайырымдылық көмек келген. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы қолдау көрсетіп, әлеуметтік жағдайы төмен 2 369 отбасына 859,8 тонна шөп тегін үлесіріліпті. Бірақ шаруалар халықтың бұл көмегі қиындықтан уақытша ғана құтқарды дегенді де айтып отыр. Министрлік тарапынан жеткілікті көңіл бөлінбесе, келер жылы тігерге тұяқ қалмауы да мүмкін деп ашынады.

– Биылғы қуаңшылықтың кесірінен 50 бастай жылқы мен ірі қара шығын болды. Мемлекеттен өтемі жайында сұрап көріп едік, «сактандырылмаған малға өтемақы төленбейді» деген жауап алдық. Қазір әкімшіліктің бар көмегі өткенде әр үйге 15 данадан престелген шөп үлесірілді. Басқалай әзірге көмек көрмедік. Төтенше жағдай

жарияланған соң жем береді екен деген қауесет естілді. Жергілікті билік бұл ақпаратты әзірге нақтылаған жоқ. Енді біздің бар ұйымымыз Қуаңшылық келер жылы да жалғаса ма?» деген болжам болып тұр. Ал Үкімет бұл туралы жақ ашпайды. «Қуаңшылық алдағы жылы да жалғасады десе мал санын азайтып, шамамыз келер мал ұстар едік, — дейді «Әбдікерімов» шаруа қожалығының жетекшісі Азамат Ысқақов. Қожалық иесі Азамат Ысқақов өткен жылы «Еңбек» бағдарламасы арқылы 4 миллион несие алып, 15 бас асылтұқымды мал сатып алған. Бірақ қазіргі қиын жағдайда оны төлеуді уақытша тоқтата тұру да тиімсіз деп отыр. «Төлеу уақытын кейін шегергенмен үстіндегі пайызы өсе беретін болған соң, барымды салып берешекті өтеп жатырмын», — дейді.

Ал аудан орталығынан 300 шақырым шалғай жатқан Беларан ауылдық округінің тұрғындары қуаңшылыққа байланысты мемлекет ешқандай қолдау көрсетпегенін айтады. Сол ауылдағы «Ақ жол» шаруа қожалығының өкілі Жаркынбек Ақжол 20 бас жылқы мен 15 бас сиыры шығын болды деп отыр. Ветеринария мамандары мал шығынын тіркегенмен, ешқандай көмек жетпеген.

– Біздің ауылда алпыс отбасы тұрады. Олардың әрқайсысынан биыл 5-6 малдан шығын болды. Аудан орталығына жақын ауылдарға көмек барып жатыр екен дегенді естілік, алайда бізге қол ұшын сөз ар ешкім жоқ. Сексеуіл кентінен еріктілер мен қайырымды жандар жіберген шөпті ауылға жеткізу үшін ауыл әкімдігі арқайсымыздан 12 мың теңгеден ақша жинады. Оған әр үй 12 дана престелген шөп алдық. Жергілікті биліктің бар көрсеткен көмегі осы, — дейді Жаркынбек Ақжол.

Сондай-ақ аралдық шаруалар төтенше жағдай жарияланғаннан бері етке деген сұраныстың күрт азайып кеткенін айтады. Өзге облыстардан келіп, мал алып кететін кәсіпкерлер қазір Аралға ат ізін салмайтын

болыпты. Өйткені ел аузында «Арал ауданындағы төрт түліктің бәрі арық әрі ауру» деген қауесет жүр дейді олар. Сол себепті мемлекет ет сатып алушы кәсіпкерлерді шақырып, оларға осы аудандан ет өнімін сатып алғаны үшін субсидия төлесе деген ұсыныстарын білдіріп жатыр. Өйткені шаруалардың мал азығын алатын қаржысы таусылып, жем-шөптері түгесілген.

Қуаңшылық Арал ауданына ғана емес өндірістің өзге аудандарда да кесірін тигізген көрінеді. Әкімдік бұл жайында жақ ашпағанымен, облыс орталығына жақын орналасқан «Адилия» шаруа қожалығы басшысы Рүстем Құдайбергенов мұны растап отыр. Оның айтуынша, қуаңшылықтың салдарынан биыл 217 бас қойы шығын болған. Қой шаруашылығын бастау үшін Аграрлық несие корпорациясынан 32 млн теңге несие алып, мың бас қой алған шаруашылық иесі қарзын қалай өтерін білмейді. Оның да бар үміті мемлекеттен көрсетілетін көмекте.

Қай шаруалар шығын болған малға өтемақы алмақ түгілі, өткен жылдың субсидиясына да зар болып отырмыз дейді. Қызылорда облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы 2020 жылы мал азығы үшін берілетін өтемақыны бір жылға кешіктірген. Ауыл шаруашылық басқармасы тамыз айында былтырғы субсидиясын үлестіреміз деп уәде берді. Ал биылғы субсидия қантар айында төленеді дегенге шаруалар сенбейді. Сондай-ақ ол қаржы жемшөптің қымбаттайтын шағында емес, қазіргі қиын жағдайда беріле қиындықтан шығуға сеп болар еді дейді.

«Өндіріс тауар өндірушілерден мал азығын алуға жұмсаған шығындарын ішінара арзандату бағытын субсидиялауға республикалық бюджет резервінен 1,7 млрд теңге қаражат қарастырылыпты. Сонымен қатар төтенше жағдайға байланысты шаруаларға көмек көрсету мақсатында Арал ауданына облыс әкімінің резервінен 250 млн теңге, оның ішінде 49,5 млн теңге көлік шығындарын жабуға, 200,5 млн теңге мал суаттарын, жайылымдарды, шабындықтарды суландыру және Арал ауданындағы Қамыстыбас пен Ақшатау көлдері жүйелерін суландыру мәселелерін шешуге бөлінген. Меценат Болат Өтемұратовтың қайырымдылығы қоры арқылы 213 млн теңге қаржы бөлініп, Арал ауданындағы аз қамтылған 1 322 отбасына 900 тонна жемшөп алып беруге және жайылымдықтарды суландыруға қажетті жабдықтар, су тасымалдаушы автокөлік, сусорғылар сатып алуға және гидротехникалық құрылыстарды жөндеу мен бір ұңғыма құрылысын салу жоспарланып жатыр» делінген облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының берген мәліметінде. Бірақ мал шығынын азайтып көрсеткен жергілікті билік бұл қаржымен мәселені толық шеше алады дегенге сену қиын.

Ерканат СӘРСЕНБАЙ,
Қызылорда облысы



Психикалық дертке шалдыққандар көп

Мамыр айындағы Ресейдің Қазан қаласында болған оқиғаны сірә ешкім ұмыта қойған жоқ. 19 жастағы бозбала мектепте оқ жаудырып, талай адамды жайратып тастаған еді. Көп ұзамай дәрігерлер оған анықталмаған ауыр психоз деген диагноз қойды. Яғни, психикалық дертке шалдыққандардан да қоғамға келер қауіп бар. Ал елімізде қанша адам осы тәрізді ауруға ұшыраған? Адамдардың олардан сескенуіне себеп бар ма?

Мадияр ТӨЛЕУ

Ол оқиғадан Қазақстан да сабақ алды. Мектептердегі қауіпсіздікті күшейтетін болдық. Алайда психикалық дертпен есепте тұрғандарды ұмытпаған жөн. 2020 жылдың соңында Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы ұсынған дерекке қарасақ, елімізде 190 мыңға жуық адам психикалық дертке ұшырап, есепте тұр екен. Оның 73 мыңы ақыл-ойы кем деген диагнозбен, 56 мыңы ми-ден органикалық ауыртқалықпен ұшыраумен психикалық дертке ұшырап, есепте тұр екен. Оның 73 мыңы ақыл-ойы кем деген диагнозбен, 56 мыңы ми-ден органикалық ауыртқалықпен ұшыраумен психикалық дертке ұшырап, есепте тұр екен. Оның 73 мыңы ақыл-ойы кем деген диагнозбен, 56 мыңы ми-ден органикалық ауыртқалықпен ұшыраумен психикалық дертке ұшырап, есепте тұр екен. Оның 73 мыңы ақыл-ойы кем деген диагнозбен, 56 мыңы ми-ден органикалық ауыртқалықпен ұшыраумен психикалық дертке ұшырап, есепте тұр екен. Оның 73 мыңы ақыл-ойы кем деген диагнозбен, 56 мыңы ми-ден органикалық ауыртқалықпен ұшыраумен психикалық дертке ұшырап, есепте тұр екен.

Енді мәселенің өзегіне оралсақ. Ауруға шалдыққандар есепте тұр, қажет кезінде емделе алады. Дегенмен сау адамдардың да жайын ойлаған абзал. Мысал ретінде қарасақ, ақыл-есі сау болса да «психика-

лық дертке ұшырап қалмаймын ба?» деген қорқыныш кез келген адамда болып тұрады екен. Ал мамандар «ақылмынан адасатын шығармын» деген үрейлер ауыл халқынан гөрі тығыз орналасқан қала халқында көп болатынын айтады. Көбіне мұндай уайым психианың стресс пен артық салмаққа реакциясынан туады. Яғни, адамда еш ауру жоқ. Түрлі уайым мен семіздік сондай әсер береді. Бірақ адам психикалық кәліптің пайданып туады дегенге көп мамандар келіспейді екен. Науқастың туа бітті пайда болған эндогенді кінәраты болса да, бәрібір зат алмасудың бұзылуы, ми жаракаты, тамыр ауруы, стресс сияқты ауруды қоздыратын себептер болады.

Жалпы, сонғы кездері әлемде психикалық дерттер өрши бастағаны жиі айтылады. Дегенмен бұрын да жағдай мез болмаған сынайды. Мысалы, кеңестік кезде, қайта құру уағындағы ресми мәліметтерге жүгінсек, КСРО аумағында 1978 жылы психиатриялық есепте 4,5 миллион адам тұрған. Олардың саны 1988 жылдың басында 5,5 миллионға жеткен екен.

Бұл мәселеде бір түйін туады. Адамдардың психикалық ауруға шалдығып алдын ала ойлағанымыз жөн тәрізді. Батыс елдерінде психикалық зерттеулер тым жақсы дамыған. Кез келген қылмыскердің санасына шолу жүргізіледі. Ал еліміздегі жағдай қандай? Қылмыс жасады деп түрмеге қамалғандардың ішінде психикалық ауыртқалар жоқ деп айта аламыз ба?

Ақылы мектептің артықшылығы неде?



Қаражат болса, кез келген ата-ана баласын жағдай жасалған білім ошағына берері сөзсіз. Оның үстіне, «білімді мыңды тұратын» заманда үш тілдің өтімділігі оқ бойы озық тұр. Көп ата-ана балаларының білім көрсеткішіне көңілі толмағандықтан, соңғы тиінін санап болса да, ақылы курсқа, түрлі үйірмеге қатыстырады. Ал ақшасы барлар балаларын су жаңа технологиямен жабдықтырып, үш тілде қатар оқытатын ақылы мектептерге береді. Оқу ақысы бірнеше миллион теңге құрайтын ақылы мектептердің айырмашылығы неде?

Жадыра МҮСІЛІМ

Сегізінші жыл қатарынан Forbes Kazakhstan еліміздің ең үлкен екі қаласындағы жекеменшік мектептердің рейтингісін ұсынып келеді. Соңғы жылы бұл тізімге Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп кірген. Бұл оқу ошағын кәсіпкер Кеңес Рақышев пен Әсел Тасмағамбетова ашқан. Сондай-ақ Еркін Тәтешев құрған High Tech Academy мектебі де екінші жыл қатарынан жекеменшік мектептердің тізімінен түспей келеді. Керісінше, биыл бұл білім ордасы бытырмен салыстырғанда өз позициясын айтарлықтай жақсартты.

Білім және ғылым министрлігі берген мәліметке сүйенсек, елімізде 7 203 мемлекеттік орта білім беретін мектеп бар. Оның 5 235-і ауылда, 1 968-і қалалық жерде орналасқан. Ал 303 жекеменшік мектептің 257-і қалалық, 46-ы ауылды жерлерде ашылыпты. Соның ішінде Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласында 83 мемлекеттік емес мектеп жұмыс істейді. Оның 61-і Алматыда, 22-сі елордада. Ал жаңа біз айтып отырған тізімге кірген 20

білім мекемелеріндегі оқудың орташа құны айына 100 мыңнан басталады. Кейбір мектептерде бір оқушы үшін айына 1,2 млн теңгеге дейін қаражат керек. Оқу ақысы бастауыш, орта және жоғары сыныптар үшін әртүрлі.

ӘЛЕМДІК УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕН ШАҚЫРТУ КЕЛЕДІ

Хош, тізімді түгел түгендеп шықпасақ та, рейтингтің көшіні бастап тұрған бес мектептің жетістігін саралап көрейік. Мәселен, жылдық табысы ең жоғары саналатын Haileybury Алматы мектебінде оқудың орташа құны айына 1,03 млн теңге. Білім мекемесінде бүгінде 600-ге жуық оқушы бар. Мектептің негізін қалаушы әрі құрылтайшысы — Болат Өтемұратовтың «Асыл Мирас» қайырымдылық қоры, сондай-ақ Сержан Жұмашов, Нұржан Субханбердин, Айдан Кәрібжанов, Марғұлан Сейсембаев, Альфия Куанышева секілді қалталы адамдардың аты аталады. Білім ошағы Ұлыбританиядағы Haileybury and Imperial College-бен серіктестікте жұмыс істейді екен. Мектеп оқушыларға 11-сыныпты аяқтағаннан кейін

IGCSE орта білім туралы халықаралық сертификатын және 13-сыныпты аяқтаған соң a-Level халықаралық сертификатын алуға мүмкіндік береді. Оқу орнында 60 жоғары білікті шетелдік педагог жұмыс істейді.

Екі жыл бұрын мектеп бітірген 24 түлектің сегізі Йель, Колумбия, Манчестер, Амстердам университеттері, Лондон Императорлық колледжі, Кембридж университетінің Гонвилл және Кейс колледжі, Глазго университеті сияқты оқу орындарынан шақырту алған. Ал былтыр Haileybury Алматы мектебінің жеті оқушысы беделді халықаралық және республикалық олимпиадалардың жүлдегері атанған. Оқушылардың бірі АҚШ-тағы оқушыларға арналған Codeday халықаралық хақотонда бірінші орын алған команда құрамына кіреді. Мектеп оқушыларының бірі астрономия және астрофизика бойынша жаһандық онлайн конкурста Қазақстан ұлттық құрамының атынан қатысқан. «Оқу құны жоғары болуына қарамастан, биыл 9-сыныпқа түсу үшін шектеулі стипендия ұсындық. Бірақ грантка академиялық жетістіктерінің қомақты тізімі бар оқушылар ғана жіберіледі», — дейді Haileybury Алматы директоры Саймон Миллз.

ҚЫТАЙ ТІЛІ ОҚЫТЫЛАДЫ

Алматыдағы TAMOS Education физика-математика мектебінің табысы — 5,43 млрд теңге. Білім алушылар үшін оқудың орташа құны айына — 217 мың теңге. 2 457 оқушы білім алатын бұл мектептің құрылтайшылары — Мұрат Омаров, Дәурен Қауыпбаев, Марғұлан Сейсембаев және Asadel

Partners ЖШС. 1998 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан мектеп былтыр Кембридж Халықаралық мектебі (CIS) мәртебесін алды. Мұнда оқитын балалар математика, физика және ағылшын тілдерін тереңдетіп оқиды. TAMOS құрамына кіретін лингвистикалық мектепте бесінші сыныптан бастап қытай тілі оқытылады. Бір жаңалығы, биылдан бастап мекеме казак бөлімі үшін жаңа оқу корпусын іске қосқан. Өткен жылы мектептің 12 оқушысы халықаралық және республикалық олимпиаданың жүлдегері атанса, былтыр бітірген 20 түлек әлемнің үздік 100 университетіне оқуға түсті.

БІЛІМ ЖҮЙЕСІ БРИТАНДЫҚ

Үштікте тұрған Haileybury Astana мектебінде оқу үшін айына орташа алғанда 1,04 млн теңге қажет. Бүгінде 505 оқушы білім алатын бұл мектептің де құрылтайшысы Болат Өтемұратовтың «Асыл Мирас» қайырымдылық қоры болғанымен, Тұңғыш Президент — Елбасы Қоры да құрылтайшылар қатарында аталады. Былтыр бітірген 14 түлектің біразы әлемнің үздік университеттеріне түскен. Мектеп директоры Джон Коулдзын айтуынша, мектептің оқыту жүйесі британдық білім берудің үздік дәстүріне негізделген. Жоғары сыныпта мектеп түлектеріне әлемнің үздік университеттеріне түсуге мүмкіндік мол. Яғни, оқушылар халықаралық бакалавриаттың (IB) дипломымен бағдарламасына дайындалады. «2018 жылы Haileybury Astana халықаралық бакалавриат (IBDP) бағдарламасы бойынша 12-13-сынып оқушыларына арналған IB студенттік орталығын ашты. Қазір мектеп түлектері қазақстандық, сондай-ақ шетелдердегі мықты университеттерде білім алып жүр. Бүгінгі өзінде Russell Group британдық университеттерінен көптеген ұсыныс алды. Мектеп түлектерінің барлығы IB дипломын алу үшін тапсырған емтиханда 34 балл жинады. Негізгі, әлемдік орташа көрсеткіш бұл диплом үшін 29,8 балл», — дейді Джон Коулз. Сондай-ақ ол дамыған елдердегі озық деген университеттерде мектеп түлектері 100% грантка түскенін мақтаншып жеткізді. Сонымен бірге Джон Коулз жыл сайын білім ордасы Халықаралық бакалавриаттың дипломдық бағдарла-

масы (IBDP) бойынша 12-сыныпқа түсетіндер үшін 10 стипендия бөлінетінін айтты. Жалпы, 2013 жылдан бері 147 түлектің 58-і стипендия, 108-і оқу бітіргеннен кейін бірден университеттерге түскен. Айтпақшы, білім мекемесінде орыс және казактіліді спикердің жоктығына қарағанда, оқыту тілі ағылшын тілінде жүргізілетін болса керек.

ОҚУ ТІЛІ — ӨЗГЕ ТІЛДЕ

Елордадағы халықаралық QSI мектебінде оқудың орташа құны айына — 1,28 млн теңге. 312 бала білімнен сусындайтын мектептің негізін қалаушы — Словениядағы Quality Schools International коммерциялық емес жеке білім беру мекемесі. 2005 жылдың қыркүйегінде құрылған QSI халықаралық мектебінде оқу ағылшын тілінде өтеді. Он жыл бұрын бұл мектеп Middle State Association of Colleges and Schools қауымдастығының аккредитациясы алды. Оқу бағдарламасы америкалық AP Capstone Diploma Program жүйесіне негізделген, бұл түлектердің АҚШ пен Канада университеттеріне түсуіне мүмкіндік береді. Ал Алматыдағы халықаралық QSI мектебінің айлық оқу ақысы елордаға қарағанда сәл арзан. Шамамен айына орташа 1,08 млн теңге. Әрине, қалталылар үшін сәл болғанымен, басқалар үшін бақандай бірнеше айдың жалақысы. Бұл жерде қазір 357 оқушы бар. Білім ордасында балалар оқудан бөлек түрлі дебат клубы, драма және ғылыми үйірмелерге қатыса алады.

ОҚИТУ ЖҮЙЕСІ ОЗЫҚ

Қарап отырсақ, бағасы ұдай білім ордalarında оқығандар «әлемдік» деген сөзді әңгімелеріне жиі арқау етеді. Өйткені қағаз толтырудан қолдары тимейтін мемлекеттік мектеп секілді қунара комиссия күтіп, жиналыс жасап жүйе жұқартпайды. Осы үшін баласын ақылы оқуға беретін қарағандық Кристина Китебаева екі баласын да жекеменшік мектепке оқытуды жөн деп тапқан. Айтуынша, өзі істейтін жалпы білім беретін өнер мектебінде қажетсіз құжаттар үшін комиссия алдында ақталуға тура келеді. Бұл өз кезегінде ұстаздардың ұнжырғасын түсіреді. «Мемлекеттік мектептерде мұғалімдер журнал толтыру керек, жоспарға сәйкес жұмыс жасауы тиіс. Ол бергі жағы ғана.

Мектептің ішкі асханасында неболып жатқанын сол жерде істейтіндер жақсы біледі. Ал ақылы мектептерде ұстазды да, оқушыны да еркіндікте ұстайды. Ең бастысы, әркім өз ойын ашық айтып, тәуелсіз тұрға ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді. Ақылы болған соң ғимараттары жаңа, ыңғайлы жиназ, компьютерлік жабдықтары соңғы үлгіде жасалған. Балаларым жартылай ақылы мектепке барды. Мұғалімдер баланың талпынысына қызығушылық танытады. Өйткені олар ата-аналардың журналдарынан қосымша ақы алады. Біздің мектепке келгісі келетіндер көп. Өйткені айына төлеген соманың ішіне бассейн, тамақ, шахмат, тағы да басқа қосымшалар кіреді», — дейді Кристина Китебаева.

Біраз жыл ақылы мектепте ұстаздық еңбек еткен Доған Йылдыз білім сапасы ақылы оқуда емес, мұғалімнің біліктілігіне байланысты деген пікірін білдірді. «Бұрынғымен салыстырғанда қазір білім саласында көп өзгеріс болып жатыр. Мемлекеттік мектептердің ғимаратынан бастап, ішкі мүмкіншіліктеріне дейін жанартылуда. Дегенмен ақылы мектептердегі білім сапасы көш ілгері кеткенін мойындау керек. Өйткені ол жерлерде балаларды оқыту жүйесі басқа. Екіншіден, жекеменшік мектептерде бала саны аз. Соған орай балаға уақыт бөлу мүмкіншілігі мол. Балалардың қабілетін дамытуға көп көңіл бөледі. Сонымен бірге мұғалімдердің біліктілігін заманға сай арттыруға мүмкіндік болса, жекеменшік мектепте де балаларға озық білім берген болар еді. Біз ақылы мектепте оқыған жоқпыз. Бірақ біздің уақытта білімге құштарлығымызды арттыра алатын ұстаздар болды. Сондықтан мұғалімнің қабілетін арттыруға күш жұмсау керек. Ал ұстаз қабілетсіз болса, құйған қаражат босқа күйіп кетуі мүмкін», — дейді Доған Йылдыз.

Қалай десек те, қазір ата-аналардың басым бөлігі балаларын жекеменшік санаттағы мектептерде оқытқысы келеді. Бірақ қаржы қолбайлау. Жаңа оқу жылына мектеп құралдарын сатып алуға жағдайы жетпейтіндер үшін білімін шындап, қабілетін арттыру арман болып тұр. Ал қаржысын төлесе қалаған ақылы мектепте оқитындардың халықаралық деңгейде білімін шындап, білім грантын ұтып алуға мүмкіндігі мол.

NEET жастар: құлықсыз ба, жұмыссыз ба?

Елімізде 15-28 жас аралығындағы жастардың 6,7%-ы оқу оқымайды, не жұмыс істемейді. Ресми статистика бойынша, 14-29 жас аралығында 3,7 млн жас бар десек, оның ішінде құлықсыз нем жұмыссыздары 250 мыңға жетеабыл. Ал бұл ойланатын, шешім іздейтін цифр. Өйткені Әлемдік еңбек ұйымы дамушы елдерде осындай санаттағы жастар санын азайтуды көздейді.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

МҮНДАЙ ЖАСТАР САНАТЫНА КІМДЕР КІРЕДІ?

Иә, NEET жастар санатына экс-министр Дархан Кәлетәев «оқуға, еңбектенуге, ізденуге құлықсыз саяси және азаматтық белсенділігі аса төмен, жауапкершілікті мойнына алып, белсенді өмір сүруге ниеті жоқ жастардың жалпы жиынтығы» деп түсініктеме берген. Расымен, мұндай жастардың көбеюі қоғам дамуына кері әсер етеді. Президент NEET жастар статистикасын жылына кем дегенде 1%-ға азайтып, 2021 жылы 6%-ға төмендетуді міндеттеген-ді. Байқағаныңыздай, биыл көрсеткіш 6,7%-ды нұсқап тұр. Сонда жетерінше жұмыс жүріп жатқан жоқ па?

Жалпы, оқумен, жұмыспен қамтылмаған жастардың жеті түрі бар. Бірінші топтағылардың білімі мен тәжірибесі бар, бірақ ынтықсыз жоқ. Екінші топқа жалғыз-басты аналар мен декретте отырған әйелдер кіреді. Оған қоса ерте жастан ана атанған аруларды да осы топқа жатқызамыз. Фрилансерлер болса үшінші топқа, ауыл жастары төртінші топқа жатады. Ауыл жастарының білімі мен тәжірибесі жоқ, сондықтан қара жұмысқа тартылады. Денсаулығына байланысты жұмысқа орналаста алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандарды да NEET категориясына топтаймыз. Алтыншы топқа оқуын жалғастыруға ниеті бар, алайда мүмкіндігі жоқ мектеп түлектері мен әлеуметтік жағдайы нашар отбасы жастарын кіргіземіз. Ал жетінші топта есірткі мен ішімдікке тәуелді, бұрын түрмеде отырған бейімдеу мен оналтудан өтіп жатқан жастар жинақталған.


Бұл — әлеуметтік, өсім жағынан ұдайы бақылайтын санат. Ұлттық статистика бюросы да NEET жастар жайында 2010 жылдан бері статистика жүргізеді. Сол

үшін өткен жылдармен салыстырғанда 6,7% ең төменгі көрсеткіш. Ал елорда әкімдігінің мәліметінше, қалада 15 мыңға жуық құлықсыз жас бар. Мұндай санаттағы жастардың ең жоғары үлесі Қарағанды облысында (9,1%) тіркелген. Одан кейін Ақмола (8,9%), Қызылорда (8,1%), Маңғыстау, Ақтөбе мен Түркістан (әрқайсысында 7,5%-дан) облыстары тұр.

ЫНТА ЖОҒАЛУЫНА НЕ СЕБЕП?

Енді жастардың неліктен NEET категориясына кіретініне тоқталайық. Қолда бар мәліметке сүйенсек, ынтықсыз жастардың 52 мыңы үй шаруасындағылар, басым бөлігі — жас аналар. Денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істемейтіндер 33 мың екен. Мұнда жоғарыда аталған топтардың да үлесі бар. Жас аналар категориясын оқи сала, оларға мемлекеттен ай сайын жәрдемақы түседі деген ой сап ете қалады. Бірақ бұл ақша анының өз-өзін дамытуына, қосымша білім алуына, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына жете ме? Кейінгісіне келсек, мемлекет бастама көтерген бағдарламаларда көбіне «декретте отырған әйелдердің құжаты қабылданбайды» деп жазылады. Ал бұл оның қоғамнан ажырауына бірден-бір себеп екені айқын.

Одан кейін қоғамда көтеріле бермейтін тақырыптың бірі — ірілі-ұсақты калалардың дамымауы. Иә, Екібастұз, Рудный, Жезказған, Өскемен, Павлодар және тағы басқа калалардағы жастар немен әуестенеді деп ойлайсыз? Аталған калалар мегаполис емес, ондағы әлеуметтік дамудың қай деңгейде екені жұмбақ. Сондықтан қаладағы жастар мегаполистерге кетуге асығады. Мұндай мүмкіндігі жоқтар депрессияға түседі, есірткіге әуестенеді, діни ағымын өзгертеді. Бәрі болмаса да көпшілігіндегі жағдай — осы. Мұндай деректерді біз журналист Динара Мұратқызымен әңгіме барысында білдік. Ол аталған калаларға барып, әлеуметтік жоба жасағысы келеді.



«Сонда ғана әрбір еліміздегі жастардың хал-ахуалымен жақыннан танысар еді», — дейді ол. Расымен, Жезказғанда шахтер болуға бәрінің бірдей қолы жетпейді. Рудныйда да дәл сондай жағдай. Екібастұзда да жастарды тартарлық жұмыс орындары аз. Ал Павлодардың жағдайын Grammu алған Иманбектің өзі талай рет айтып жүр.

Осы орайда әлеуметтанушылар мәселенің терініне бойлауды ұсынады. Балаға жағдайлы балабақша мен мектеп жасынан жасауды ұсынады. Оны білім мен ғылымға, еңбекке баулу осы кезеңнен басталады деседі. Айталық, әр жыл сайын 21 мыңнан астам мектеп түлегі ЖОО-ға түсе алмайды. Мұның өзі депрессия, оның арты құлықсыздыққа өкеледі. Оқуын бітірді-ау дегенде жұмыс таппау да жастарға соққы. Себебі оқу бітіргендердің 60%-ы ғана мамандығы бойынша жұмысқа тұрады. Одан бөлек, жұмысқа тұрған күннің өзінде мардымды жалақы алмағаннан ынтықсыз жоғалады.

КАНДАЙ ҚОЛДАУ БАР?

Жастарды қолдау мақсатында бірсыпыра бағдарламаның барын білеміз. Соның ішінде NEET жастарды қолдау бағыты бойынша жүреді. Кәсіптік бағдарлау, кәсіби оқыту, жұмыспен қамтуды қамта-

масыз ету, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жастарды әлеуметтендіру мен ұйымдастыру-әдістемелік шаралар. Айталық, «Дипломмен — ауылға», «Серпін», «Баршаға бірдей тегін техникалық және кәсіптік білім беру», «Жас кәсіпкер» бағдарламалары осының жемісі. Бірақ аталған бағдарламалардан айтарлықтай нәтиже көріп жүргеніміз жоқ. Себебі «Серпінмен» оқуға келген студенттің 4 жылдан кейін ауылына қайта оралғанын байқаймыз. «Дипломмен — ауылға» бағдарламасымен дәрігер мен мұғалім мамандығын бітірген жастардың басқасы елді мекенге келетіні ілуде бір. Одан бөлек, мемлекеттік бағдарламалардың жастар арасында кенінен таралуында да сұрақ белгісі тұр. Өйткені біразы мұндай бағдарламалардың барынан хабарсыз.

«Жұмыспен қамту орталығы NEET категориясына жататын жастар жайында арнайы статистика жүргізбейді. Бірақ жұмыс сұрап келген жастардың бетін қаппаймыз. Қайта барынша көмектесуге тырысамыз. Мәселен, «Алғашқы жұмыс орыны» бағдарламасы осы категориядағы тұлғаларға арналған. Олар айына 20 АЕК, дәлірре айтсақ 58 мың теңге жалақы алады. Әртүрлі салықты ұстағаннан кейін есепшотына 48 мың теңге түседі. Оған қоса, жұмыс беруші тарапынан да айлық

алуы мүмкін. Иә, бағдарлама биыл жүзеге асты. Құжаттарды офлайн да, онлайн да қабылдаймыз. Әзірге бізге 40-тан астам жас жұмыс сұрап келді. Болашақта келушілердің саны артады деп ойлаймын», — дейді Нұр-Сұлтан қаласы жұмыспен қамту орталығы бөлім басшысы Арман Мұратұлы.

Аталған бағдарлама еліміздің барлық аймағында жүзеге асады. Мәселен, елордадағы орталық 30-дан астам жұмыс берушілермен 477 бос жұмыс орындарына келісімшарт жасалған. Әрине, жалақысы жайында естіген жастар бірден «48 мың теңгеге қалай күн көреріміз» деп ойлауы мүмкін. Расымен, мұндай ақшаға күнелте алар ма еліміз?

Сондай-ақ әкімдік тарапынан Transformation жобасы іске қосылған екен. Жұмыссыз жастарға ақысыз «ағылшын тілі», «жол қозғалысы ережелерін үйрену», «компьютерлік сауаттылық» (SMM) курсына білім береді. Әрі фитнес, гитара ойнау, би үйрену курстарына баруға болады. Ал мұндай дамыту жобасы елордалан басқа ірілі-ұсақты калаларда бар ма? Себебі жұмыссыз жастардың көпшілігі ЖЖКО-ға бару мәселесін соңғы орынға қойып жатады.

Әлемдік тәжірибеміз де танысып алсақ, NEET жастар көрсеткіші аз елдерге Норвегия, Жапония, Сингапур мен Люксембургті жатқызамыз. Аталған елдердің тәжірибесі де тиімді саналады. Мәселен, Жапонияда Sort skills (дұрыс дағдыларды) дамыту бар. Олар жастардың бұл санатын зерттеп, өз-өзін дамыту бағдарламаларын жасайды. Сонымен бірге дамыған елдерде студенттерді жұмыс істетеу университетте қабырғасынан бейімдеуге. Тағылымдамалардан өтуге барған жерінде жұмысқа алу, қосымша ақы төлеу қарастырылған. Байқасаңыз, мұның өзі студентті қанаттандырады хақ. Ал жұмыс істейтін аналар үшін қысқарған жұмыс күнімен қоса әртүрлі жеңілдіктер қарастырылған. Бастысы, шешіл тәжірибесі баланың білім алуына кішкентайынан инвестиция салуды нұсқайды. Оның үздік мектепке дейінгі білім беру орталығына, сапалы білім беретін мектепке баруын қалағалы екен. Университетке түскенде де үздіксіз дамуын жалғастыру үшін күш жұмсайды.

Шымкентте мектеп жеткілікті ме?

Шымкентте осыдан бір ай бұрын бірінші сыныпқа бала қабылдамай жатыр деген шу шыққан. Қаладағы 14 білім ұясының балаларды қабылдаудан бас тартуының салдарынан алғаш мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндердің 5 пайызы қайда барарын білмей отырғанын жазған желі белсенділері.

Мұны растаған Білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева үш ауысымды 14 мектепке бала қабылдауға шектеу қойғанын мойындады. Себебі мұнда бала шектен тыс көбейіп кеткен. Сол себепті мұнда бастауыш сыныпқа қабылдауды 2-3 сыныптан асырма керек деп тапсырма берілген. Өзге балалар мекенжайы бойынша өзге мектептерге, ал осы маңайда тұратындар жақын жердегі басқа білім ордаларына баруы тиіс деген болатын ол.

Сонымен қатар Білім басқармасының басшысы биыл 18 732 орындық 32 мектептің құрысы басталғанын, оның ішінде 10 222 орындық 20 білім ордасы балаларға есігін айқара ашатынын жеткізген. Осылайша, жыл соңына дейін үш ауысымда оқитын мектептер саны 14-тен 9-ға дейін қысқарып, апатты жағдайдағы мектептер проблемасы толығымен шешілетінін де айта келіп, осынау мектептер ашылғанда әлі бала жетіспеушілігі де

болуы мүмкін деген болатын. «Бүгінде 1 сыныпқа келуі тиіс 25 000 баланың 24 540-ы қабылданып қойды. Ал 81 құжат кері қайтарылды. Себебі үш ауысымды мектептерге алыс емес жерлерде де білім ұялары бар», — деген-ді Жанат Тәжиева. Біз жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер калуына орай әлгі кері қайтарылып жатқан құжаттардың жағдайын, яғни мектепке қабылданбай жатқан балалардың бүгінгі жай-күйін сұрап, білім бөліміне хабарласқан болатынбыз.

Білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиеваның айтуынша, биыл қалада 12 714 орынға арналған 23 мектеп пайдалануға берілмек. Оның 19-ы жана оқу жылында балаларды қабылдайды. Пайдалануға берілетін білім мекемелерінің төртеуі мемлекеттік, он тоғызы жекеменшік. Қалғаны жыл соңына дейін тапсырылмек. Осылайша, үшінші мегаполистегі апатты мектеп мәселесі толық шешіліпті. Ал үш ауысымды мектеп

14-тен 9-ға кеміген. Бұрын 13 елді мекенде мектеп болмаса, енді оның саны 2-еуге азайған. Дегенмен әлі 11 елді мекенде білім ордасы жоқ деген сөз.

Биыл Шымкент қаласында мектепке баратын оқушылардың қатары 8 000-ға көбейген. 785 білім ордасында 350 мыңға жуық бала тәлім алмақ. Басқарма басшылығы мектепке қабылданбай қалған бала жоқ екенін айтады. Үш ауысымды болуы себебінен 14 мектепке артық бала қабылданбағаны рас. Олар көрші білім ұяларына жолданған. Ал одан бөлек тағы да 21 мектептің бала толымдылығы шектен тыс болуына қарамастан онда 1-сыныпқа оқушылар қабылданған. Жалпы, биыл бірінші сыныпта 25 005 бала оқиды.

Иә, Шымкентте халық санының жылдан-жылға өсуінен өткен бір жылда мектеп оқушыларының саны 20 889 балаға көбейген болатын. Ал биыл 8 000-ға артып отыр. Сондықтан мектеп мәселесі қашанда күрделілігін жоймай келеді. Дегенмен оқу орындарына сыймай жатқан оқушылар жанадан ашылып жатқан 23 білім ұясына бөлінер болса, бірқатар мәселенің шешімін тауып қалатыны рас. Бірақ қалай десек те, осынау мектептің ашылғанына қарамастан биыл 14 үш



ауысымды білім ордасының қатары 5-ке ғана кеміп отыр. Одан бөлек, 21 мектептің бала толымдылығы шамадан артып, үш ауысымдық оқуға ауысу қаупі бар. Шымкент әкімдігі үш ауысымдағы мектептер мәселесін 2023 жылға дейін шешуді жоспарлап отыр. Бұйырса, ол күнге де аз

қалды. Әйтпесе, кейбір мектептерде «а» сыныбынан «т» сыныбына дейін созылып, тіпті әліпбидегі әріптер де жетпей калуы мүмкін...

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Токио Олимпиадасында қоржынға түскен сегіз медальдің екеуін жетісулық спортшылар – ауыр атлеттер Зульфия Чиншанло мен Игорь Сон жеңіп алды. Күні кеше Алматы облысы әкімдігінде қос жеңімпазға және олардың жаттықтырушыларына құрмет көрсетілді. Екі жұлдегерді қабылдаған облыс әкімі Амандық Баталов оларға су жаңа пәтерлердің кілтін тарту етті.

Олимпиада жұлдегерлері баспаналы болды



«Сіздердің ел спорттыңа сіңірген еңбектеріңіз бен Олимпиада төріндегі жеңістеріңізді Мемлекет басшысының өзі жоғары бағалады. Екеуіңіз де мемлекеттік наградалармен марапатталдыңыздар. Зульфияның кеудесіне II дәрежелі «Достық» ордені тағылса, Игорьдың ерлігі «Құрмет» орденімен бағаланды. Сіздер – еліміздің мақтанышысыздар! Олимпиада ойындарында қола медальге ие болу – екінші бірне бұйыра бермейтін бақыт. Бұл жетістік сіздердің және жаттықтырушыларыңыздың жылдап төккен тері, жұмсаған күш-жігерлеріңіздің арқасы.

Мемлекет тарапынан спортшыларға жан-жақты қолдау тұрақты көрсетіледі. Облыстық деңгейде де көмек жасалып жатыр. Алдағы кезде қазіргі мүмкіндігімізге сай қажетті қолдаулар жалғаса беріледі. Бүгін сіздерді жетісулықтар атынан жарқын жеңістеріңізбен құттықтай отырып, спортта жана белестерді бағындыратындықтарыңызға сенім білдіреміз», — деген облыс басшысы қос жеңімпазға өзінің Құрмет грамотасы мен пәтерлердің кілтін тапсырды.

Зульфия Чиншанло үш бөлемелі пәтерге ие болса, Игорь Сонға екі бөлемелі баспана бұйырды. Спортшылардың бапкерлері де құр қалған жоқ. Олардың әрқайсысына 2 миллион теңгенің ақшалай сертификаттары берілді.

2019 жылғы әлем чемпионатының күміс, биылғы Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Игорь Сон өзінің толқынысын төмендегіше жеткізді: «Бізде көрсетіп отырған қолдауларыңызға үлкен рақмет! Бірінші кезекте азды-көпті еңбегімізді елеусіз қалдырмаған ел Президентіне шын жүректен ризашылығымызды білдіргенді жөн көріп отырмын. Өз тарапымынан айтарым, маған артылып отырған үмітті ақтауға бар мүмкіндігімізді саламын. Алда Азия ойындары күтіп тұр. Ендігі мақсат, соған дұрыстап дайындалып, ең жоғары нәтижеге қол жеткізу», — деді Токио Олимпиадасының қола жүлдегері.

Игорь Сонның бапкері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Владимир Седов та қалыс қалмай,

елдәңқын асырғандарды алкап отырғандарға алғысын айтты. Кезінде өзі де ауыр атлетикада атой салған Седовтың спортистернатта жаттықтырушы болып жүргеніне 13 жыл толыпты. Сол жылдары екі бірдей Олимпиада жұлдегерін баулып шығарған. Оның бірі Карина Горичева болса, екіншісі — Игорь Сон. Владимир шәкірттерінің жетістіктеріне жетуге олардың жаттығуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалғаны да оң ықпал еткенін айрықша атап өтіп, алдағы кезде жақсы нәтижелер болатынына уәде етті.

Жүздесу кезінде спортшылар өздерінің болашаққа бағытталған жоспарларын айтып, арман-мақсаттары мен спорттық дайындықтың ерекшеліктері жөнінде әңгімеленді.

Өңір басшысы Алматы облысының ел спорттыңа талай даңқты есімдерді тарту еткенін, қазіргі жетістіктері де жоғары екенін айта келе, бүгінгі кезде облыста спортты дамытуға айрықша назар аударылып отырғанына тоқталды.

Расында солай, осыдан біраз бұрын Талдықорғанда Орталық Азияда тендесі жоқ олимпиадалық жүзу бассейні пайдалануға берілді. Қазірдің өзінде осында жүзудің қыр-сырын меңгеруге 850-ге жуық бала жазылып, іріктеу сынынан өтіп жатыр. Олардың арасында жеңістерімен қуантатын болашақ чемпиондар барлығы анық. Елбасының ел аумағында 100 денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын жүргізу жайындағы тапсырмасын орындау барысында аймақта қазірдің өзінде 13 осындай денешынықтыру-сауықтыру кешені жұмысқа кірісіп, тағы бесеуі салынып жатыр. Олардың шалғайдағы Балқаш ауданында орналасқан біреуі жақында пайдалануға берілді. Облыста спорттық нысандардың құрылымына, қолайлылығына, қолжетімділігіне, материалдық-техникалық базасының дұрыстығына баса назар аударылды. Соның арқасында бұқаралық спортты барынша өрістетіп, жана таланттары табуға жол ашылып келеді.

Болат АБАҒАН, Алматы облысы

КЕЙІНГІ ТОЛҚЫН КІТАП ОҚИ МА?

Осы жылды «Балалар әдебиеті жылы» деп жариялағанды мақсат — кейінгі толқының кітап оқуға құлшынысын арттырып, рухани азықтан суындау мәдениетін қалыптастыру. Кейінгі кезде балалар мен жасөспірімдер кітап бетін ашпайды, көркем әдебиетке селсоқ деген пікірді жиі еститін болдық. Ертен елтутқасын ұстар азаматтар шынымен кітап оқудан қалып бара ма? Солтүстік Қазақстандағы жағдайға үңіліп көрдік.

Роза ШӘКЕН

Балалар әдебиеті жылдармен халге жеткен кезде балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдауға назар аударыла бастағанына тәубе дейміз, әрине. Алайда «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген тәмсілге сүйенсек, жас ұрпақтың кітапқа немқұрайдылығының себебін отбасындағы тәрбиенің түп-тамырынан іздеген сикәт. Осы жылдың көздеп отырғаны да сол — отбасылық кітап оқу дәстүрін жандандырып, қолдау көрсету. «Тәрбие тал бесіктен басталады». Ата-ананың кітапқа көз жүгірткенін көрген бала да білім нәрінен кітап арқылы суындамай қоймайды деген пікірдің жаны бар. Мәселен, әкесі де, анасы да, әжесі де мұғалім Әлішер Ағыбай Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» мен Лев Толстойдың «Война и мир»-ін 5-сыныпта жүрген кезде оқи шыққанын айтады. Әлі де көркем әдебиетке құмарлығы азаймаған: әсіресе Исай Калашниковтың «Жестокый век» романын қайталап оқи бергенді жақсы көреді екен. Одан басқа да кітапсүйер жастар баршылық.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары гуманитарлық колледждің директоры Ерлік Жанділдиннің айтуынша, қазіргі студенттер арасында кітап оқитын да, оқымайтын да балалар бар. «Қазак әдебиетіне жаны құмар Аружан Әбен, Тәуекел Мүсілім, Ермек Жумин, Екатерина Восипенко деген студенттеріміз айына бес кітаптан оқиды. Біздің студенттер — болашақ мұғалімдер. Сондықтан олар маңғалетті түрде кітап оқу керек. Көркем әдебиеттен сусындап өскен осындай студенттеріміз ертең мектепке барғанда өз оқушыларының бойына да кітапқа деген сүйіспеншілікті дарыта алады», — дейді Ерлік Борисұлы.

ОҚУШЫЛАР ОҚУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ

Алайда мұғалімдердің көпшілігі оқушылардың кітап оқуға құлқысыз екенін айтып, көңілдерін кірбің шалып жатыр. Петропавл қаласындағы Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Роза Елеусізова: «Балалар түгел кітап оқиды деп

айта алмаймын. Әсіресе, үлкен шығармаларды оқи алмайды. Тіпті, сыныпта талдайтын шығармаларды үйде оқып келуге тапсырма бергеннен өзінде 5-6 беттің жартысын оқып келсе, соның өзі жетістік деп есептеймін. Оқиды-ау деген балалардың өзіне бағыт-бағдар беріп, үнемі қызықтырып отыру қажет. Шығарманың тіліне назар аударамын, балалар осыны түсінеді-ау деген шығармаларды ғана оқуға ұсынамын», — дейді. Оның айтуынша, кейбір оқушыларды тарихи тұлғалар мен оқиғалар туралы шығармалар қызықтыратын көрінеді. Бірақ мұғалім ондай балалардың саны сау-сақпен санарлық екенін, көбірек болса екен деген тілегін жасырмады.

«Қазір балалар телефонға тәуелді, кітап оқуға қызығушылығы жоқ. Бұл ретте ата-аналарға артылар жүк зіл-батпан. Менінше, олар баланы жасынан кітап оқуға баулуы тиіс. Әздері кітап бетін ашпаса, кімге ренжиді?



Бұл, ең алдымен ұрпағымыздың бойына рухани уыз сіңіру үшін қажет», — дейді қазақ тілі мұғалімі Дәмелі Уәлиева.

Ғабит Мүсірепов атындағы облыстық балалар кітапханасының директоры Ғалия Жұмағұлова теріскейде балаларды кітапқа қызықтыру үшін түрлі шаралар ұйымдастыратынын айтады. «Балалардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру үшін түрлі шаралар өткізіп тұрамыз: «Отбасылық оқу», «Мектеп десымшалар шыға басталды», «Кітап оқитын автобус» сияқты шаралар, көрмелер, конференциялар, байқаулар, ертегіліктер, экскурсиялар, дауыстап оқу циклылары ұйымдастырамыз. Ата-аналар мен қандый оқырмандар арасында қандый мазмұндағы кітаптар, қай жанр ұнайтыны, қағаз нұсқасы мен электронды кітаптың қайсысы ыңғайлы екені төңірегінде әлеуметтік сауалнамалар жүргіземіз. Балаларды фантастика, ертегілер, энциклопедиялық әдебиет қызықтырады. Бір өттеген-айы, кітап қорымыз аса бай емес. Әсіресе осы заманғы, салалық әдебиет жетіспейді. Сондай-ақ қазақстандық қаламгерлердің кітаптары тапшы. Мектеп бағдарламасына енгізілген Б.Сокпарбаев, М.Әлімбаев, Е.Еллубаевтың және т.б. авторлардың кітаптары мұлдем тапшы. Әрі ғимаратымыз кітапханаға сай емес. Оқу залдары іркес-тіркес

орналасқан, бөлімдер біріктірілген, кітап сақтайтын орын азды-қындық туғызып отыр», — деді Ғалия Ғалымқызы.

Облыстық Білім басқармасының басшысы Гүлмира Кәрімова мектеп кітапханаларында да балалардың кітапқа махаббатын ояту үшін түрлі шаралар өткізіліп жатқанын хабардар етті. «Облысымызда 410 мектеп кітапханасы жұмыс істейді, олардың кітап қоры — 5 миллион дана. Биыл мектептердің 80 кітапханасын жаңартуға 120,8 миллион теңге бөлінген. 2021 жылы 200 мың дана көлемінде көркем әдебиет сатып алуға 250,4 миллион теңге жоспарланған. Былтыр 72,6 миллион теңге бөлініп, 38,8 мың дана көркем әдебиет сатып алынды», — деді Гүлмира Райынбекқызы.

Солтүстік Қазақстан облысындағы мектептерде 425 кітапханашы жұмыс істейді. Биыл тағы 75 кітапханашыны оқыту жоспарланып отыр. Бұл мақсатқа 1,9 млн теңге бөлінген екен. Бі-

лық қалам арқылы бала көзбен де көріп, құлақпен де естіп, зейін қояды, логикасын дамытады әрі сөздік қорын байытып, ой-өрісін кеңейтеді», — дейді директор. Мұндай кітаптар графикалық нұсқасына қарағанда қымбаттырақ әрі қосымша шығындарды талап етеді. Сонымен қатар дәстүрлі кітап оқуға кері әсерін тигізуі мүмкін сияқты болып көрінеді. Бірақ директор бұл ойымызды жоққа шығарды. Кітаптарды QR коды арқылы жүктеп алып оқуға арналған қабырға жасап қойған Әбу Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға мамандандырылған облыстық мектеп-гимназия директоры Ерманат Бәкоров те осындай пікірде. «Бұл стелдті «Ақылды кітапхана» деп атадық. Қолында iPad-ы, электрондық оқулықты бар оқушылар бос уақытында оқу үшін және оларға қолжетімді болуы үшін жасалдық. Бірақ олар дәстүрлі кітапханаға да баралды», — деді Ерманат Рымғалиұлы.

Бұл, ең алдымен ұрпағымыздың бойына рухани уыз сіңіру үшін қажет», — дейді қазақ тілі мұғалімі Дәмелі Уәлиева.

Ғабит Мүсірепов атындағы облыстық балалар кітапханасының директоры Ғалия Жұмағұлова теріскейде балаларды кітапқа қызықтыру үшін түрлі шаралар ұйымдастыратынын айтады. «Балалардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру үшін түрлі шаралар өткізіп тұрамыз: «Отбасылық оқу», «Мектеп десымшалар шыға басталды», «Кітап оқитын автобус» сияқты шаралар, көрмелер, конференциялар, байқаулар, ертегіліктер, экскурсиялар, дауыстап оқу циклылары ұйымдастырамыз. Ата-аналар мен қандый оқырмандар арасында қандый мазмұндағы кітаптар, қай жанр ұнайтыны, қағаз нұсқасы мен электронды кітаптың қайсысы ыңғайлы екені төңірегінде әлеуметтік сауалнамалар жүргіземіз. Балаларды фантастика, ертегілер, энциклопедиялық әдебиет қызықтырады. Бір өттеген-айы, кітап қорымыз аса бай емес. Әсіресе осы заманғы, салалық әдебиет жетіспейді. Сондай-ақ қазақстандық қаламгерлердің кітаптары тапшы. Мектеп бағдарламасына енгізілген Б.Сокпарбаев, М.Әлімбаев, Е.Еллубаевтың және т.б. авторлардың кітаптары мұлдем тапшы. Әрі ғимаратымыз кітапханаға сай емес. Оқу залдары іркес-тіркес

рақ кітапханашылардың еңбек-ақысының аздығы Үкімет деңгейінде әлі де шешімін таба алмай келе жатқан күрмеуі қиын мәселе күйінде қалып отыр.

Сәбит Мұқанов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана директоры Бейбіткүл Әбілмәжінова да кейбір кітаптар цифрландырылғанын айтады. «Электронды кітапханамызда қазір 40 мыңдай кітап бар. Оның бәрі оқырмандар үшін тегін. Мұнда негізінен өлкетану тақырыбындағы кітаптар мен шығармалар енгізілген. Электронды кітапхананың бір қиын жері — авторлық құқық сақталуы тиіс», — деді Бейбіткүл Мағжанқызы.

Заман талабы болса керек, мұғалімдер де, кітапханашылар да электронды кітаптардың дәстүрлі кітапханаға ер зияны жоқ деп есептейді. Дегенмен бәрі бір кітаптың орны бөлек, кітап қашанда кітап болып қала бермек. Ал балаларға арналған кітаптардың сапасы мүлдем бөлек әңгіме. Кітаптардың безендірілуі, дизайны, суреті, мұқабасы, қарпі — бәрі-бәрі көңіл бөледі, жетілдіруді қажет ететінін қаламгерлер мен мамандар айтып жүр. Осының барлығы балаларды кітапқа қызықтыру үшін де қажет. Қазіргі бала мен бұрынғы баланың арасындағы айырмашылық, әрине көп. Дегенмен бұрын оларды кітап оқуға қызықтыру үшін осыныша шара өткізілмеуі еді. Енді осы науқаннан бір нәтиже шығып, жақсы өзгеріс болса игі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Тіл білімінің сардары еді

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек өмірден озды.



«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымы қара жамылды. Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, аяулы ағамыз Әлімхан Жүнісбек дүниеден озды. Алла Тағала ағайдың рухын пейіште шалқытсын, жаны жәннаттан болсын! Баршанызға кайғырып көңіл айтамын...» деп жазды Анар Фазылжан Facebook парақшасында.

Әлімхан Жүнісбек 1938 жылы 12 мамырда Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысы Шәуілдір ауданы (қазіргі Отырар ауданы) Қарғалы ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсіп, 1963 жылы бітіріп шығады.

Айқын газетінің ұжымы

Айқын газетінің ұжымы басылымның Атырау облысындағы меншікті тілшісі Тұрсын Қалимоваға анасы **Алуға Тастанқызына** кайтыс болуына байланысты кайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Мемлекеттік сыйақыны қайырымдылыққа жұмсайды

Бокс федерациясының хабарлауынша, бокстан Токио Олимпиадасының қола жүлдегерлері Қамшыбек Қоңқабаев пен Сәкен Бибосынов мемлекеттік сыйақыны қайырымдылыққа жұмсайды.

Қос боксшы бұл туралы федерацияның марапаттау мақсатында өткізілген баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Ал Олимпиада ойындарының қола жүлдесі үшін берілетін мемлекеттік сыйақы көлемі 75 мың доллардан тұрады.

Сонымен қатар Бокс федерациясының басшылығы спортшылар мен жаттықтырушыларды ақшалай сыйақымен марапаттады. Оған қоса, Олимпиадаға қатысқан боксшыларға да бағалы сыйлықтар табыстанды.

Айта кетерлігі, бұған дейін еркін күрестен Токио Олимпиадасының қола жүлдегері,



балуан Нұрислам Санаев мемлекеттік сыйақыны қайырымдылыққа жұмсайтынын айтқан еді.

Айbike ЖАНАСЫЛ

Путинцева жеңіске жетті



Теннисші Юлия Путинцева Цинциннати WTA 1000 турнирін жеңіспен бақтады.

Әлемнің 36-ракеткасы Юлия Путинцева бірінші айналымда

А. ЖОЛДАС

дүниежүзілік рейтингте 51-орында тұрған қытайлық Чжан Шуаймен кездесті. Небәрі 46 минутқа созылған матчта отандасмыз айқын басымдылық көрсетіп, 6:2, 6:0 есебімен жеңіске жетті. Ол бәсеке барысында 2 эйс жасап, 6 брейк-пойнттың бесеуін пайдаланды. Қарсыласы 1 эйспен ғана шектеліп, брейк жасай алған жоқ. Осылайша, спортшылардың өзара кездесулеріндегі есеп теңесті — 2:2.

Юлия Путинцева екінші айналымда әлемнің 6-ракеткасы, чехиялық Каролина Плишковамен сынға түседі.

ҚАЗАҚТЫ СҮЙГЕН ЖҮРЕК

Оның қазасы қазақ журналистикасын ойсыратып кетті. Әйгілі спорт комментаторы, қазақ телевизиясының ардагері, ақпарат саласының үздігі Амангелді Сейітханның отандық журналистикада орны бөлек еді. Көрермені оны жақсы көретін. Өзі де қара сөздің майын тамызатын шебер, ақынжанды азамат еді. Соңғы бірнеше күн бойы бұқара арда ұлын жоқтап жатыр.

Амангелді Мәулітқанұлы 1969 жылы 11 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Макаланың аяулы дүниеге келген. 1991-1994 жылдары «Спорт» газетінде жұмыс істеген. 1994 жылы «Қазақстан» телерадио-корпорациясында «Тұғыр» бағдарламасын ашып, жүргізуші болды. Теларнаның спорт бөліміндегі бас редактордың орынбасары қызметін де қатар атқарды. «Күмсағат» бағдарламасының спорттық ақпарат бойынша продюсері болды.

1997 жылдан «Хабар» арнасына ауысып, осы күнге дейін аталған агенттікте жұмыс істеп келді. Футболдан 1998 жылы Франциядағы Әлем чемпионатында қазақ тілінде комментатор болды. 1999 жылы Бангкоктегі Азия ойындарын, 2000 жылы Сиднейдегі Олимпиада ойындарын, 2002 жылы Солт-Лейк-Ситидегі қысқы Олимпиаданы «Хабар» арнасының эфирінде қазақша сөйлетті.

Бір жылдары айтсы аламанында да атой салған суырып салма ақын еді. Қалың көрермен іздеп отыратын, үлкенге ізетті іні, кішіге арқалы аға бола бірген біртуар тұлға көзін тірісінде-ақ аты аңызға айналды.

Талайды тәнті еткен таланттымен де, кәсіби шеберлігімен де, аңкылдаған ақжарқын көңілімен де көрерменін баурап алды. Ол өзі ғана спорт журналистикасын меңгерген жоқ, өзінің осы салада жинаған құнды тәжірибесін жастарға да бөлісіп, ізін басқан мамандарға үйретіп кетті. Оның есімі отандық тележурналистика тарихына ғана емес, тұтастай спорт шежіресіне алтын әріппен жазылары анық.



Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты

СӘБИ БОЛМЫСТЫ, ТАЗА ЖҮРЕГІ КАЙРАТКЕР ЕДІ
— Амангелді Сейітханның дүниеден өтуі — қазақ спорт журналистикасы үшін ғана емес, ұлттық журналистикамыз үшін де орны тоlmас ауыр қаза. Ағалы-інілі болып, қоғамдық-саяси әлеуметтік өмірде әріптес болып бірге келе жатқан ағамыздың жолын қия басқан жеріміз жоқ. «Аға» деп бүкіл



інілері қас-қабағына қарап жүрген ауылы жан еді.

Амангелді аға тәуелсіздік дәуіріндегі журналистикасының бастауында тұрған азаматтардың бірі деп айтуымызға болады. Себебі Әлем чемпионаттарынан, Олимпиада долаларынан тұңғыш рет қазақ тілінде комментаторлық жасаған азамат.

Студент кезінің өзінде-ақ айтты сахнасында жасындай жарқылап, Мұхамеджан Тазабек, Бекжан Әшірбаев, Мәліс Қосымбаевтармен қатар қанат қағып шықты. Айттыста жүрес де талай олжа салатын азамат еді. Кейін кәсіби төл мамандығына, оның ішінде спорт журналистикасына ауысып, кешегі Сейдахмет Бердіқұлов аталарымыздың жолын жалғап, өзінің төл ұстазы Несіп Жүнісбаевтың сонынан еріп, алғашқы қадамын «Спорт» газетінен бастады.

Кейін «Хабар» арнасына ауысып, жұмыр жердің қай түкпірінен болсын, тіпті батыс пен шығыстан, әлемдік спорт алаңдарынан, тарихи күндерден жағымды жаналықтарды жеткізетін Амангелді Сейітханның «Женісті күндерде жолығайық» деген дауысын бүкіл жұрт, бүкіл ел еститін.

Амангелді Сейітхан, Бейсен Құранбек әр салада — әлеуметтік, ақпараттық хабарларды таратса да, спорт журналистикасының дамуына атсалысқан бірегей тұлғалар. Амангелді ағамен спорт алаңдарында бірге жүрдік. Он жылдан аса бір командада доп тептік. Аман аға бастап шыққан команда жыл сайын өтетін аламан-дарда топ жарды. Әр ойыннан жеңіспен оралатын едік. Сәл ғана қателіктер жіберіп қойсақ, күйіп-пісіп, әбгерленіп кететін. Қақпашыдан бастап, қорғаушыға дейін әрқайсысының орнын тап-тұйынақтай қылып реттеп отыратын Аман ағамыз болатын. Осындай ағадан айырылу — алдыңғы толқын ағалар үшін, кейінгі толқын інілер үшін де ауыр қаза. Амангелді Сейітхан ағада бюрократия деген болған емес. «Ағамыздың» кішілерді бөлектеген жоқ. Журналистиканың есігін ашқан жаңа буынның да кеудесінен итерген емес. Үнемі адамды жігерлендіріп отыратын. 2000 жылы Сидней Олимпиадасынан комментаторлық жасаған сәті де әлі есімізде. Барлық жақсы

жарналықтардың бәрін осы Аман ағамыздың дауысы арқылы естідік. Ермахан мен Бекзаттың чемпион болған сәті, Мұхтархан мен Болаттың жұлдызды шақтарын эфирде жүрегі жарылардай болып, дауысы дірілдеп жеткізген кезі де есіміден кеткен жоқ. Бұл нағыз елін сүйген, халқын құрметтеген патриоттың ғана қолынан келетін дүние еді. Амангелді Сейітхан сияқты арда азаматты қазақ елі әлі талай жылдар сағынатын болады. Өйткені ол көзге көрінбей жүріп-ақ мықты мектеп қалыптастырды. Жақсы ұрпақ өсірді.

Ағамыз қазасын естігенде бүкіл өмір тоқтап қалғандай күй кештік. Бүкіл әріптестерге, журналистер қауымына, қаламгер қауымға, отбасына кайғырып, көңіл айтамыз. Шын мәнінде, ауыр қаза. Өмірден сәби болмысты, таза жүректі, алақаны да, жүрегі де таза, халқын, жұртын сүйген қайраткер өтті. Өте өкінішті. Бір өмір осылай аяқталды. Ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Көрмеген көшесінен жарылқасын!



Есей ЖЕҢІСҰЛЫ,
«Ақжелкен» журналының редакторы

ЖҮРЕГІ ҮЛКЕН АЗАМАТ ЕДІ

— Алдынан қара көрінсе, адам соны медеу тұтады. Соны ес көреді. Жылдар өтіп, өзі біраз жасқа келсе де, алдындағы ағасына қарайлайды, көптің сөзін сол айтады деп күтеді. Амангелді Сейітхан біздің сондай ағамыз еді. Тұрқы шағын болғанымен, жүрегі аттын басындай үлкен азамат еді. Ел намысын көз қарашығындай қорғап, шыр-пыры шығып жүретін.

2019 жылы «Асыл арнадағы» «Қазақ спортының классикасы» бағдарламасына шақырып, көкөйілдегі бұрама сырқты көлден тарттық. «Хабар» арнасында футболдан Әлем чемпионаты көрсеткілерде, тек орыс тілінде жүргізу ықтималдығы зор болғаны рас па? Қазақ

тілінің мүддесін кім қорғады? Бұған дейін ондай кешенді сын жүргізіп көрмеген едіміз, қалай тәуекел еттіміз? Бекзаттың қазасын қайдан естідіміз, жұртқа қалай естірттіміз? Тағы қаншама сұрақ қойылды! Аман ағам жылы жымып қойып бір ақтарылды.

Жасы 50-ден асса да ел намысы дегенде жанып кететініне таңданушы едім. Ештегенге бейжай қарағанын көрген емеспін. Креативтілігі, жаналыққа құмарлығы жастардың өзін таңдай қақтыратын. YouTube арна да ашты, өзге подкасттар мен арналарға да белсене пікір білдіріп жүрді.

Футболды шебер ойнайтын. Журналист інілерін ертіп алып, жарыстың басжүдесіне таласатын. Балаша ренжіп, артынша ұмытып кететін еді.

Аман ағам мұзжарғыш кеме секілді еді. Алға салып алатынымыз да солан-дү. Ірі жарыстарды алғаш бастап жүргізгендіктен де сынды өте көп естіді. Бірақ ешкімнен бет жыртысқан емес. Інілерін жерлеп, тұқыртқан да емес.

Бұл қазаны есту бізге тым ауыр болды. Жайнап, жарқырап жүрген жан ағамызды өлім түгіл, бірауыз нашар сөзге киймайтын едік.

Алла иманыңызды саламат етсін, Аман аға!..



Ринат КЕРТАЕВ,

«Хабар» агенттігі» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары

АНЫЗ АДАМ АМАНГЕЛДІ СЕЙІТХАННАН АЙЫРЫЛДЫҚ

— Амангелді Сейітхан дегенде қазақ спорты қатар айтылады. Әйгілі комментатордың «Женісті күндерде жолыққанша» деп, талай жеңіске жол ашқаны әр қазақтың есінде. Сондықтан ана өмірге аттанған Амангелді ағамның де есімі ел есінде мәңгі сақталарына еш шүбә жоқ.

Амангелді Сейітхан дегенде аңғал мінез, арда талант иесі ойға оралады. Бар қазаққа бағалы болса да өте қарапайым еді. Үлкен-кіші демей, барлығымен бауырдай сыйласатын. Бұл тұрғыда ағамызбен аралас-құралас болған кез келген адам керемет өңгіме айтады.

Шын мәнінде, Амангелді Сейітхан туралы талай дүниені тарақтуға болады. Ол енді алдағы уақыттың еншісінде. Осы күннен қазақ спорт журналистикасында Амангелдітану дәуірі басталады...

«Хабар» агенттігінің ұжымы мен өз атымын марқұмның отбасы мен туған-туыстарына кайғыра көңіл айтамыз. Алла сабыр берсін! Бақұл бол, Аман аға!

Дайындаған
Айым БЕКТҰР

Құрастырған көлігін миллион долларға бағалады

Бэтмобильді құрастырған Теміртау тұрғыны өнертабысын 425 миллион теңгеге бағалап отыр.

Евгений Бондаренко Instagram парақшасында «Кім сатып алғысы келді, асығыңыз» деп жазып, сату туралы хабарлама қалдырды. Автокөлік сипаттамасына келсек, Batmobile Tumblr кеністік рамада нөлден бастап жасалғаны көрсетілген. Өнертапқыш қозғалтқышты Toyota маркалы көліктен алған. Бағасы — 425 миллион теңге.

Евгений Бондаренко көлігін таныстырғанда бұл соманы жұмыс үшін лайық екенін, бағасын түсіру ойда жоғын жазады.

«Бұған қаншама күш жұмсалды. Арзандатудың жөні жоқ. Дәл мұндай көлік әлем бойынша сатылымда жоқ» деп жазды ол.

Желіде пікір білдірушілер болса, бағаның қымбат екенін айтып, Қазақстанда мұндай ақшаға ешкім көлік сатып алмайтынын жарыса жазып жатыр.

«Қымбат, 100-200 мың долларға бағалауға болады», «Мен бұл ақшаға 200 көлік сатып



аламын», «Еңбек екені рас, бірақ бағасы тым қымбат. Мұнда оны ешкім сатып алмайды және бізде сатылымға қоюдың мәні жоқ. EVague қойыңыз, сол жақта тез өтіп кетуі мүмкін» деп жазды желі қолданушылары.

Ал кейбірі Евгенийге өнертабысын басқа маркалы автокөлікке айырбастауды ұсынды. Ол дәл сол ақша үшін тек ұшақ ұсынуға болатынын жеткізді.

Жалпы, Евгенийдің бұл туындысы жайында маусым айынан бастап айтылды. Ол бала кезінен Бэтмен және Кристофер Ноланның The Dark Knight фильмінен сүйіп көретінін жеткізген. Сондай-ақ бэтмобильді құрастырып шығуға үш жыл уақыт жұмсаған.

Айbike ЖАНАСЫЛ



Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(727) 390-08-18, 8(727) 241-47-75, 8(727) 454-43-53
byurukpaeva@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3979
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46

e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдардың көшірін немесе оңдеп басу үшін редакцияның жазбама рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор —
Нұрлан ҚОСАЙ